кезегінде белгілі бір жағдайға әсер етуі сирек. Бірақ біз мұны ешқашан біле алмаймыз, және оны хронологиялық тұрғыдан бір мерзімге жатқызу мүмкін емес.

ААӘМ-ді, жалты, қазақстандық әдебиетті болашақта не күтіп тұр, осындай нафосты сұрақ бергенім үшін кешір, әрине... Бұл жағынан сен оптимиссің бе?

Болашақты болжасақ, бес-алты жыл көлемінде бәрі осы күйінде жалғаса беретін болады, алайда, басқа жағынан алып қарағанда, оптимизм, пессимизм туралы айту соншалықты орынды болады демес едім, қазір бәрі тез өзгеріп жатыр ғой! Ақпараттық өріс оқиғаларға әсер етуде, сосын бәрінің бір-бірімен тығыз байланыстылығы, атап айтқанда, барлық факторлар, себеп-салдарлар... егер бұрындары алдымен себеп пайда болып, салдары бір жылдан кейін шығып жатса, қазір турасын айтқанда, бұл екеуінің арасы бірнеше аптаға қысқарды. Реалист болып қалып, бәрін сол күйінде қабылдау ғана қалады. Менің ішкі ойым осылай дейді.

Бұрынғы Мұсагеттегі өзіңді есіңе түсіре аласың ба?

Ол кезде керісінше, бәрі өзім қалай ойласам, солай болуын қалайтынмын, ақ пен қараның, дұрыс пен бұрыстың аражігіне қаттырақ көңіл бөлгендеймін, көп ретте кештеу келген жастық максимализм әсері болар һәм құндылықтар туралы түсінігім қарапайым еді.

Қазіргі Қазақстандағы жағдайға байланысты ресейлік әдебиеттің қазақстандық әдебиетке көзқарасы өзіңнің 2005 жылы өзіңнің Липкиге барған алғашқы сапарыңнан кейін өзгерді ме?

Меніңше, көп нәрсе өзгерді, оның ішінде, ең алдымен, әдеби өмірдің өзінде де, ресейлік ортада да үлкен өзгеріс болды. Ол жақта барлық әдеби процестер біздегіге қарағанда, тым жылдам өтеді, оқиғалар көп орын алады. Әртүрлі бағыттар бойынша даму айтарлықтай жылдам жүзеге асады. Қазіргі болып жатқан процестердің қазақстандық әдебиет пен бұрынғы КСРО құрамында болған басқа республикалар әдебиетіне қатысы жоқ, олардың маңызы 15 жыл бұрынғыға қарағанда кеміді. Көп нәрсе өзгерді: Грузиямен соғыс және

"Крымнаш" наразылықтары... Сондықтан біз осының бәрінен шығып қалып, өзекті болмай қалдық. Екінші жағынан, посткеңестік елдердің әдебиеттері Ресейдің қандай да бір қызығушылығын тудыру үшін ештеме істемегені бесенеден белгілі. Бір қызығы, Грузиядағы оқиғалардан соң, соғыстан кейінгі Грузияда жазылған кітаптар Ресейде өзекті болды, басқа позицияда жазылса да, үлкен қызығушылық тудырды.

Егер орыс әдебиеті қызығушылық танытпаса, бұл жақта жазатын авторлар не істеу керек?

Олег Павлов әдебиетке тек қызмет ету керектігін, басқасын Құдайдың өзі беретінін айтқан екен. Құдайдың не ойлағанын қайдан білейін, мен православие дінінде емеспін, бірақ бұл маған рухани жақын тақырып. Яғни, саған не беретіні туралы емес, сен не беретінің туралы ойлау маңызды.

ТОҚСАНЫНШЫ ЖЫЛДАР

Тоқсаныншы жылдардың басындағы Алматы, ол кезде «Алма-Ата» болатын, айнала пәтер сату туралы жарнама жапсырылған ортағасырлық қаланың үлкен базарын еске түсіретін, орта ғасырды нақты елестету үшін зәулім сарайлар мен мұнаралар ғана жетіспейтін, тек қызғылт ұлутастан шығып, бірден біздің кезеңімізге тап болғандай көрінетін сүрең ғимараттар ғана көзге түсер еді. Неге екені белгісіз, шашыраған тамшыларында шуақ ойнаған субұрқақтар ойға бірінші келеді, оған қаперінде әлі ештеме жоқ жандар шомылып жүрер еді. Алда Ақмолаға үдере қоныс аудару, үлкен қалалардың қаңырап бос қалуы, әдебиетке ғана емес, жалпы, мәдениетке деген ықыластың кемуі, бар назар тек шетелдік афишалар мен қораптарға ауып кетіп, барлық деңгейде жазатын қаламгерлердің бір сәтте маргиналдарға айналуы күтіп тұрған. Дәл осы ешқандай қоғамдастыққа жатқызылмаған маргиналды қоғамдастық тәуелсіз мемлекеттің ең алғашқы әдеби байқауының назарына дөп түскен.

2 ТАРАУ.

ГУЛЯ КОРОЛЁВА ЖӘНЕ АҢЫЗДАРДЫҢ ТУУЫ ТУРАЛЫ



1 996 жылы өткізілген «Сорос – Қазақстан» қорының алғашқы әдеби конкурсында жеңіске жеткендер арасында ойдан шығарылған кейіпкер болды, ол туралы маған сұхбат барысында бірден екі қатысушы айтып берді. Кітапқа еруге лайықты миф дүниеге келген. 2020 жылдың ақпанында біз қазақстандық жазушы Лиля Калауспен бірге Алматының орталығындағы пәтерінен алыс емес жерде кездестік, онда қазақстандық жазушылар мен әдеби қайраткерлер кезінде көп тұрған екен, көпқабатты үйдің қабырғаларындағы тақтайшалар санына қарап, егер ондай идея біреудің ойына келсе, жеке экскурсия өткізуге болатындай бар екен. Біз бұрыннан таныс едік, кездесуге дайындалып жатқанда, «Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең алғашқы әдеби байқау туралы, «Книголюб» журналы мен журналдың айналасында қалыптасқан әдеби кештер туралы Лилиядан басқа кім айта алады?» деп ойладым.

Жалпы, Лиляның шешендік қабілетін ескере отырып, мен көп материал алатыныма сендім.

– Сорос-Қазақстан қорына келетін болсақ, біз «Книголюб» жобасын бастаған кезде, «Мәдениет және өнер» Қорының бағдарламасы жұмысын тоқтатып жатты, мен Қордың осы бағдарламасының соңғы үйлестірушісі болдым. Бір жылдан аз уақыт жұмыс істедім. Басшымыз алдымен Мұрат Өуезов, содан кейін Дариуш Зиток болды. Өзім қатысқан ең басты, әрі жанымға қымбат байқау – «Сорос-Қазақстан» қорының 1996 жылғы дебюті болды. Бұл, әрине, өмірімде орын алған керемет оқиға болды, алға басылған ғаламат үлкен қадам еді мен үшін. Өзім үшін. Ал адамзаттың оған түшкіргені бар. Біз сыныптас құрбым екеуіміз бірнеше жыл бойы қалалық вампирлер туралы роман – алматылық роман жаздық. Бұл қолға алған істің қызығы бөлек еді, психотерапияны да, достық қарым-қатынасты да, шарап ішу мен эксперименттерді соның барысында өзіміз байқамай-ақ үйрендік. Соңында не басы, не аяғы жоқ, формасыз, бір шағарманың үлкен бөлігі пайда болды. Біз үнемі жұмыс үстінде болдық. Одан бөлек әрқайсымыздың отбасымыз, достарымыз бар еді, балаларымыз дүниеге келе бастады, жалпы, өмір жалғаса берді. Тіпті кері байланыс та болған, өйткені, мен бұл романның қолжазбасын әрдайым әр түрлі мейірбан адамдарға апарып оқытып жүрдім, олардың бәрі бірауыздан: «Бәрекемді, керемет!» деп, ауыздарының суы құритын.

Осындай диссиденттік тәсілмен, өзіндік әрекет жасап, жүріп жаттық. Біз, әрине, басқа бір үлкен нәрсеге қол жеткізуді қаладық. Сөйтіп жүргенде, 1995 жылы, Қордың байқау өткізетіні туралы хабарландыру шыға келді. Өтірік айтпай-ақ қояйын, оның қалай көзіме түскені есімде жоқ.

Мен құрбыма хабарластым: «Міне, қара», - дедім. Ол: «Бізде аяқталған дүние жоқ қой, әлі біткен де жоқ», - деді. Біз асығыс аяқтауға кірістік, бірақ дәнеме бітірген жоқпыз, мен: «Мерзімі таяп қалды, құрыды ғой бәрі!» - дедім. Ол бір үзіндісін жөндеп жіберуді ұсынды, сөйтіп, біз бір сюжеттік желіні алып шықтық. Аздап тазаладық та, жібере салдық. Бірақ біз жібергенше, әрине, қатты қобалжып, қандай да бір лақап ат ойлап табу керек деп шешкен едік, сөйтіп, «Гуля Королёва» дегенді ойлап таптық. Өмірбаянын ойдан

шығарып, қалалық телефон нөмірін бердік. Уақыт өтті. Бұл байқауға көп талапкер қатысты, ол жерде бәрі жақсы ойластырылған еді, оннан астам номинация болды. Тілдік шектеу болған жоқ, тіпті біреу неміс тілінде жазылған проза жіберіпті, ол да кейін жеке том болып шықты. Төрт қалың том шыққан еді: орыс, қазақ тілдерінде жазылған проза мен поэзия, ал неміс тілінде бөлек бір том шықты. Адам легі көп еді, байқау «Дебют» аталғанымен, бұл – елдегі алғашқы ашық әдеби байқау болатын! Бүкіл Старгород осы жерден табылды!

Ольга Борисовнамен телефон арқылы осы тақырыпта сөйлескеніміз есімде. Мен: «Ольга Борисовна, сіз де жібересіз ғой?», - деп сұрадым. Ол «жо-жоқ» деп жауап берді: «Мен дебютант емеспін». Сөйтіп, ештеме жіберген жоқ. Артынан еске алғанда шегіміз қатып, ұзақ уақыт күліп жүрдік.

Менің бір жақын досым қоңырау шалған, ол поэзия номинациясына өз шығармасын ұсынған еді, өзім жүктіліктің сегізінші айында едім. «Бірінші сыйлыққа қол жеткіздім!», - деп сүйіншіледі. Мен: «Бәрекелді, кереметсің!» - дедім! Ішімнен: «Сенен де өткен талантты, ақылды, әдемі жандар бар, ал сен, жексұрынсың!», - деп, әрі қарай өз өмірімді сүріп, жүре бердім. Арада екі-үш күн өткенде үйге келсем, күйеуім маған: «Саған бір әйел бірнеше рет қоңырау шалды, Гуля деген біреуді сұрап қоймайды. Бес рет хабарласты, алтыншысында мен оны боқтап тастадым», - деді.

Екеуіміз отырып, борщ ішіп отырғанбыз, бір кезде төрелкемді тауысуға айналғанда, ойыма сарт ете түсті. Өлгі хабарласқан Лера Ибраева болды ғой, айтпақшы, ол әлі күнге дейін осы жайды еске алуды ұнатады. Мен сізге айтайын, Лера Ибраеваны балағаттап тастау – тіпті ақылға сыймайды! Бұл сынақ және өте батыл әрекет. Мен қорға келіп, әрине, болған оқиғаны баяндап бердім. Біздің екеу екеніміз туралы айттым. Ол ашуланды. Мен өзім қорда жұмыс істеген кезде себебін түсінгем. Екі құжат жиынтығын дайындап, сыйақыны екіге бөлінуі керек екенін түсіндіру қажет болды. Оған қоса ақша берілді – үш жүз доллар, ол кезде бұл үлкен ақша.

Соңғы меже – марапаттау рәсімі еді. Ол кеңес заманында салынған «Политпросвет» ғимаратында өтті, ол жерде әртүрлі іс-шаралар өткізілетін. Үлкен зал есімде. Іші лық толы, зиялы қауымның барлығы жиналған.

Журналистер де келе қалды, ол кездің адамдары басқа еді, кешегі кеңес заманының өкілдері, жалпы, олармен араласқан қызық болатын.

Қара көзілдірік тағып, әппақ смокинг киген Игорь Полуяхтов қыз-қырқынның қоршауында бөлек отыр екен. Оған барып амандасуға ұялдым, аузы-мұрнымнан шығып, жарылардай болып жүрмін, ештеме ішіп-жей де алмаймын. Бізге салтанатты түрде бірінші сыйлықты табыстады, бұл бір бас айналдырар бақытты сөт еді, кітап шығатынын да айтып жатыр, айтқандай, артынан кітап та шықты, бізге авторлық даналары да молынан берілді.

Үшінші орынның да маған тигенін айтайын. Бүркеншік атпен жіберген жаңағы шығармадан басқа, өз атымыздан тағы да екі әңгіме жіберген едік, дәл сол жолы менің әңгімеме үшінші сыйлықтың да бұйырғаны қызық болды. Сонымен, екі мәрте номинант атанғаным ба? Мына шығармамды шетке ысыра салуларына да болушы еді ғой? Қысқасын айтқанда, бұл шынында, байқау емес, нағыз мереке еді. Аса сәтті өтті дер едім, барлығы керемет болды! Мен үшін, әрине, бұл өте маңызды еді, Преображенский айтқандай, қағазға басылған дәлел деуге болады. «Қараңыздар, мынау – қазылар алқасы, ал мынау – публикациям. Мен, демек, шынымен бармын. Бармын. Тірімін. Мұндай мерекелер тек бір рет болуы мүмкін. Мен, әрине, «Сорос – Қазақстан» қорына осы жобаны жоспарлап, іске асырғаны үшін өте ризамын, жақсы іс жалғасын тапты да. Мұндай байқаулар әртүрлі уақыт кезеңдерінде өткізіліп отырды, мүмкін дәл сол жолғыдай барлық шеңберді бұзып-жарып кететіндей мереке қайта бола қоймас: басылып шығуға, кездесуге, өзінді үлкен нәрсенің бөлшегіндей сезінуге мүмкіндік берді. Зор мүмкіндік. Авторларға қолдау болды. Бұл, әсіресе, жаңа бастағандарға ауадай қажет нәрсе.

«Книголюб» журналының редакциясында мен Лилямен және басқаларымен таныстым. Редакцияда көп адамды кездестіруге болады, көбінесе, осы жерде басымыз түйісіп қалады, кейбіреуінің қасынан үнсіз өтіп кетеміз, кеңес дәуірінің әдебиетшілері мен жаңа кезең авторлары, бір қарағанда, «Мусaget» шығаратын «Апполинарий» мен «Книголюб» бір-бірінен алыс болатын, сонымен қатар, Райхан Бектемісованың «Литературная Алма-Ата» альманахы мен Ақындар Одағы шығаратын «Простор» журналы да болды. Ақын Павел Банников пен Иван Бекетов,

мусagetшiлер шығарған «Бiшшо Одын» антикезеңдiк әдеби басылымның» бiрнеше шығарылымдарын есептемегенде, қазақстандық авторлар үшiн жарыққа шығудың барлық мүмкiндiгi осында едi. «Книголюб» өлеңдердi, қысқа (шағын көлемге байланысты) проза мен шолуды қарастыруға һәм талқылауға дайын болды, Маяковскийдiң шағын қалта басылымдарынан бастап, Канадада тұратын Юрий Дружников пен Бақыт Кенжеевке дейiн таңқаларлық кiтаптар жиынтығын шығарған баспа үйi болды

– Менiң ойыма орала беретiн жалғыз сөз – «түкке тұрмайды!», сол кездiң өзiнде мен жақсы түсiнетiнмiн, қазiр де солай. Екiншi жағынан, көп адамдар шынайы қадiрiн бiлiп, қолға алғанда қуанатыны рас, кейбiреуi тiптi тiгiндiсiн жинақтап та отыратын болар, мұны мен жақсы түсiнемiн. Жақында бiреу маған өзiнде бiрiншiсiнен соңғысына дейiнгi барлық нөмiрлер бар екенiн және оларды цифрландырғысы келетiнiн жазды. Сiзге керек пе? Бұл баяғы заманда жабылған бет емес пе едi?

Бұл коммерциялық жоба ретiнде дүниеге келдi. Күйеуiм типография ашты, бiз жас едiк, әрi күш-қуатымыз жеткiлiктi едi, 2000-шы жылдардың басы болатын. Бәрi бiз үшiн жаңа, бөтен дүние. Ол: «бiрдеңе жасауымыз керек», – дедi. Жұрттың бәрi телефон номерлерi жазылған қағаздарды дуалға жабыстырып жатады. Бiз жаңа бiрдеме ойлап табайық деп шештiк.

Сөйтiп, ол журнал идеясын ойлап тапты, оның мерзiмдi басылымдарға әркез қызығушылығы басым болатын. «Кiтапқа шолудың» аналогын жасаймыз дедi. Мен қарсы болдым, сосын «жарайды, өзi бiлсiн» дегем. Ендi қалай атайтынымызды анықтап алу керек болды, Вадик Дергачев ол кезде бiзге көмектесiп жүрген, ақыр соңында, адамның ойына келедi-ау деген ең бiр мағынасыз атауды таңдап алдық. Бiраз уақыт мен олардан бойымды аулақ ұстадым, араласқым келмедi, уақыт өте қарасам, тырысып-ақ жүр, сөйтiп, оларға көмектескiм келдi. Алдымен бiз жұқалтаң газет жасадық, оның өзгешелiгi – өзiмiздiң кiтап палатасымен келiсiмдi түрде, содан ақпарат жариялап отырдық, сонымен қатар, баспалар мен кiтап дүкендерi өздерiнiң бағаларын берiп, оған өзiмiз бiраз нәрселер, атап айтқанда, қолдан жасалған рецензиялар, немесе интернеттен алынған бiрдемелер қосып, сонымен, тоқсаныншы, екi мыңыншы жылдардың стилiндегi дүние шыққан, ол кезде бәрi солай жасайтын. Содан кейiн

менің өзімде қызығушылық пайда болды, даңқ немесе механизмдер тұрғысынан емес, тіпті ақша табу, немесе басқа да емес, өзімнің қызықты ісіме айналды. Жұмыстың өзі мені қызықтырды. Несімен қызықтырды десеңіз – редакторлық жұмысымен. Ол кезде тәжірибем жоқ еді, ешкім үйретпеген. Өз-өзімді темір тәртіпке келтіру үшін бірнеше жыл өткен, сол кезде барып, өзімнің редактор екенімді түсіндім.

Жалпы, мен әлі күнге дейін редактормын, менің осындай кәсіби деформациям бар. Дұрысы, жазушы емес, редактор шығар. Мен адамдармен, мәтіндермен жұмыс істей бастадым, осы оқиғаға кірісіп кеттім, біздің елде, әлемде әдебиетпен не болып жатқанын баяу зерттей бастадым. Мен бұл жағдайда ештеңе түсінбедім және әлі күнге дейін түсінбеймін, білмеймін, негізгі механизмдерді сезбеймін. Менен «Не істеу керек?» деп сұраған кезде не деп жауап берерімді де білмеймін. Кітап шықты, алға жылжу үшін не істеу керек? Мен мұндай жағдайларда, әдетте, айтылатын сөздің бәрін айтамын. Әдеби сыйлықтарға ұмтылып, интернетке жарияланыңыз, әлеуметтік желілер, дос, таныс, демеуші іздеңіз, үйреніңіз, бірақ мен ненің жұмыс істеп, ненің жүзеге аспайтынын білмеймін. Жылдар өте келе, мен тек сәттілікке ғана арқа сүйеу керек екенін түсіндім. Сәттілік менен адасып қалған тәрізді, екі баламның дүниеге келуі – сәттілік, бірақ сонымен, бәрі тынған сияқты.

Дегенмен, менің ойымша, кейбір адамдар осының бәріне байланысты белгілі пікір қалыптастырып қойғандай көрінді: олар мен осының бәрін де жақсы түсінетіндей көрді және бізге кеңес сұрап келетін, әсіресе «бізге ауадай қажет болып тұр» деп келген адамдарға еш аянбай қол ұшын бердік, біз оларды «Книголюбте» жариялап, кітаптарын басып шығаруға көмектестік. Біраз уақыт тіпті қаламақы да төледік. Көп емес, бірақ бәрібір төледік. Екі мыңыншы жылдардың ортасында, бесінші, алтыншы, жетінші жылдары, бұл жетістіктің асқар шыңына жеткендей нәрсе еді, яғни мен жақсы формада болдым, адамдар көп болды, әлеуметтік желілердің қазіргідей үстемдігі әлі болған жоқ, олар енді ғана басталған болатын, блог платформалар пайда болды және көпшілік «стихи.ру» сайтына құштар болды, бары осы. Шың бізде ғана емес, бәрімізде де болды. Нәлдік жылдардың басталуы – бұл гүлдену кезеңі. Кітап жәрмеңкелері, кездесулер, барлығы

ерекше қуантатын, ал оныншы жылдары осының барлығы кенеттен сұрқай өрмекке айналды, барлығы жалықтырып жіберді, кертартпа тәртіп те жалықтырды, себебі, барлығы әлеуметтік желінің қызығына еніп кетті, әрине, қазір қағаз бетіне басылып шығу – бұл нонсенс, құрметке лайық нәрсе. Он жылдан астам тарихы бар баспалар оларды сатып алатындай дәрежеде, әлі де қағаз бетінде шығуға мүмкіндігі бар. Негізінен, қазір бәрі электронды түрде таралады және бұл дұрыс, өйткені орманды да қорғау керек. Сондықтан, мен өзімді ешқашан қандай да бір маман сияқты сезінбеймін, яғни мен білетінімді айттым. Өзімнің үлгі-өнегем тасып тұрмағанда, менің біреуді еліктіруім ғажап еді. Бірақ бір нәрсе немесе қандай да бір ақпаратты біліп қалған жағдайда, бөлісіп, адамдарға ұсыныстар айттым. Айтпақшы, «Русская премияның» бірінші маусымы жаңа басталған кезде, ұйымдастырушылар мені тауып алды. Себебі, мен Мәскеу кітап жәрмеңкелеріне, тағы басқа да жерлерге қатыса бастадым. Олар әдеби-көркем басылымды, кітап тақырыбын қарап, шақырады. Мен олармен аздап қарым-қатынаста болдым. Содан кейін ұйымдастырушылар мені тауып алып, авторларды сұрады, өйткені, олар ешкімді танымайтын. Ол кезде бұл әдеттегі жағдай еді, онда ақпарат әлі көшкін тәрізді таралмай тұрған. Байланыстар айқын болмады. Сондықтан мен бірнеше авторларды ұсынғанымды мақтан тұтамын. Веревокин, Даубаев...

Сосын бәрі құлдырай бастады, бизнесті жоғалттық, бәрін жоғалттық, баспаханадан айрылдық, «Ресейге көшеміз» деген шешім қабылдадық... Сонымен... бәрі бітті.

Мен бұл кезеңді «өмір сүру» деп атаймын. Балаларыма осы тақырыптағы лирикалық толғаныстарымды айтамын, менің аккаунтыма не болады, ол жерге барайын ба, бармайын ба... Мен тіпті жаза бастадым, осы кезеңге дейін ештеңе жаза алмағаным рас, ал оныншы жылдан бастап жаза бастадым.

«Книголюб» ретінде біз Лера Ибраева екеуіміз қазіргі заманғы өнер орталығымен өте жақсы жұмыс істедік, үнемі түрлі мақалалар жарияладық, іс-шараларға қатыстық, олар бізді өте жақсы көрді. Біз де оларды жақсы көрдік. Бір кездері менің кеңсем болмаған кезде, ол менімен өз кеңсесін бөлісті. Бір жыл немесе одан да көп уақыт бойы бөліскен болатын. Әрине, бағдарлама жабылған кезде қатты

өкіндік, бірақ Қазақстанның өз мәдениетімен өз бетінше айналысу үшін жеткілікті, бай ел екендігі дәлелденді, бұл, әрине, дұрыс. Соңында «осының бәрі қалай пайда болды?» деген сұрақ туындады, бірақ бізде Мәдениет және спорт министрлігі бар ғой. Жақында мәдениет те пайда болуы мүмкін-ау...

Иә, «Книголюб» жобасы қолдауға ие болды, әдетте, олар қандай да бір жобалық дүниелер болды, мысалы, мені Финляндияға жетінші немесе бесінші жылы пен-клубтың әйелдер сегментінің конференциясына шақырды, сол жерде маған ортақ жоба – Орталық Азия жазушыларының кітабын, жинағын жасау ұсынылды. Мен бұған әлі күнге дейін қуанамын. Бұл жақсы болды, ағылшын тіліндегі аударма жоғары сапалы болып шықты, ол жоба үшін мен бір тамшы да ұялған жоқпын. Бұл грант еді. Дружниковты да біз жарияладық, ол гранттарды тапты, біз оны шығардық. Кенжеевтің жобасы — керемет те, таңқаларлық еді.

Біз залдарды да жинадық. Филармонияны жалдағанымыз есімде, сол кезде қиын жағдайда қалып, уайымдап, жылап алғаным есімде: залдың төрттен бір бөлігі бос еді, сол кезде Кенжеев маған: «Лиля, Мәскеудегі кештерге жиырма адам жиналады. Сен бұл адамдарды қайдан тауып жүрсің?», - деген-ді.

Лиля Калаус бүгінде тек Қазақстанда ғана танымал емес, сұранысқа ие автор, балаларға арналған курс жүргізеді, жеке әдеби шеберхананың оқытушысы. Біз көп ұзамай, Лиля мен Зира Наурызбаеваның балалар аудиториясына арналған «Батудың шытырман оқиғалары» кітабы шыққаннан кейін, бірнеше жыл бұрын шыққан сәтті дебюттің жалғасы туралы сөйлестік.

– Поэзия жастықты, гормондарды, бақытты, көңілді, есірткіні қажет етеді. Проза ой жинақылығын жақсы көреді. Қырыққа дейін сіз отырып ой жинақтайсыз. Мұны түсінсеңіз жақсы. Әйелдер – бұл жеке өңгіме. Мен кейде өзімді жылан сияқты ақылды сезінемін, содан кейін... Қызым маған сұрақ қойды, содан кейін ол өзін-өзі дамыту сияқты курстарды жүргізген, мынандай техниканы ойлап тапқан адам туралы күлкілі өңгіме айтып берді. Оның кеңсесі 24 қабатта орналасқан, қабырғалары шыны ғимаратта болатын. Ол жиналған топқа: «Мен сендерге өз қорқыныштарыңмен қалай күресу керек екенін көрсетейін», - деп, өлгі шыны панельды бар күшімен итереді

екен, сол кезде барлығы шошып, таң қалысатын. Бір күні қабырға шыдамай, әлгі кісі құлап кетеді. Өрине, қызық... мүмкін, оған Дарвин сыйлығын берген шығар. Қызым: «Дарвин сыйлығы деген не?» дейді. Біз осындай хикаялар мен күлкілі әзілдерді, шегінен шыққан оқиғаларды іздеп, ғаламторға кірдік. Шамамен бір сағат өтті, жұмыс үстелімнен тұрдым, бір аттам жерде төсегім тұратын. Мен порталда жұмыс істеймін ғой, жаңалық жинаймын, жұмысым ауырлау, өзіме бес минуттық үзіліс жасау үшін осы төсегіме қисаятын едім. Кенет неменеге соғылғанымды білмедім, бірақ құладым. Құлағанда да, дәл төсекке құлаппын. Бірақ аяғымды қатты соғып алсам керек. Бәрі маңайымда өбігерленіп жүр. Мен жатырмын. Мұздатылған күркетауықты ауырған жеріме қойып, қызым сықылықтап күледі. «Неменеге күлесің?», - десем: «Дарвин сыйлығы есіме түсіп кетті», - дейді. Кішкене былай бұрылсаң, қазір сыйлықты қолыңа табыстап жатар еді. Бұл әйелдің ақыл-ойы, батылдығы жайлы әңгіме. Әлем тағдырын компьютерімнің алдында отырып шешемін, мұздатылған күркетауықпен құшақтасып жатып, түсінесіз бе, шамамен осылай өмір сүремін.


Кейде бос жатқан кезде: «Біраз жұмыс істесем жаман болмас еді», - деп ойланасың, сөйтіп, көп уақыт өткізіп алуың мүмкін, ал енді жұмыс істеу керек болған кезде, өз-өзіңнен миыңды қозғауға тура келеді. Өдебиет мектебінде эссеистикадан сабақ беремін, екі сабағым тамаша өтті, «қарай гөр!» деп, өзім таң қалдым. Үшінші сабағыма екі адам келді. Ештеңе етпес, бұл үшін аса уайымдамаймын. Бары менікі. Балаларға арналған әдеби курстарым да болған, балалармен сөйлескен, қарым-қатынас жасаған қашан да жақсы ғой. Олардың өз комплекстері мен ойдан жасап алған қорқыныштары бар. Ересектерден қарағанда оларды түсіну оңай деп айта алмаймын, бірақ аузын ашса жүректері көрініп тұратыны рас.

Біздің екеуара дуэтімізде Зира сенімділікті бейнелейді, соңғы жылдары ол көп алға озып кетті, мәтіндегі сөздердің он пайызы қазақ тілінде. Көркем көпір арқылы метрополиа тілі байытылатыны сөзсіз. Өзара достығымыз баяғыдан келе жатқан Зира мен оның марқұм күйеуі Таласбек Өсемқұлов екеуі мен үшін ерекше жаратылыс, қайдан білейін, мүмкін, мұндай жандар көп те шығар, бірақ өмір біздің жолымызды түйістірген екен. Иә, өрине, олар ұлтжанды жандар, алайда, біріншіден, өздерінің

ұлтжандылық позициясын сенімді түрде, әділ де ашық көрсетеді. Өз идеологиясының жүйесінде. Авторлардың: «Біз романдарымызды орыс тіліне аудармаймыз, олар орыс тілінде оқытындар үшін емес», - деуінен ұлтшылдықтың ең қорқынышты формасы – жабық ұлтшылдық салқыны еседі. Мәтінді жаздың ба, бірден аудиторияны кесіп тастайсың, мәтінді барлығы түсіну үшін жазасың. Бұл әлемге жазылған хат емес пе? Зира мен Таласбектің идеологиясы мүлдем басқа, сені бірден баурап алады. Олар өздерінің білетін нәрсесімен, өз әлемімен бөліскілері келеді. Бұл өте қызықты әлем. Қазақ мәдениеттануының, қазақ мифологиясының әлемі. Бұл мағынада кез келген мифология қызықты, түсінікті. Мен оларды жақсы көремін, бұл біздің достығымыздың себептерінің бірі. Ұлтжандылардың бір тартымды қасиеті осы. Бойында өртүрлі ұлттың қаны бар өз буынымның өкілі ретінде мен байқаған бір алматылық нұсқа осындай. Мұның таңсық нәрсе екені де рас. Себебі, мен өзім қай ұлт екенімді нақты айта алмаймын. Тырыспағаным да көп болды. Менде ұлт жоқ. «Қазақстандық» деген атау – геолокация ғана. Қазақ мәдениетін мен жақсы қабылдаймын. «Қазақстандық» деген орыс сөзі сияқты, тіпті тумай туа шөккен нәрсе ме деймін. Үдерістің емес, құрылымның белгісі. Яғни, қай ұлт болғым келетіні туралы таңдау болса, «әрине, қазақ болғым келеді» дер едім. Ал мен неге қазақ тілін жақсы білмеймін? Қисынын түсініп тұрсыз ба? Мұның қисыны енді мүлдем басқа.

3 ТАРАУ.

ЕКІ ӘДЕБИЕТ НЕМЕСЕ ОДАН ДА КӨП



Келесі тараулардың бірінен оқитын сұхбатыңызда сыншы Виктор Бадиков қазақстандық әдебиеттің бес проблемасының ішінде қазақ және орыс әдебиеттерінің бір аумақта жекелеп өмір сүруін де атайды. Дидар Амантай мені жазушы Ырысбек Дөбейдің кітабының тұсаукесеріне шақырған кезде, осы жағдаймен бетпе-бет келдім. Іс-шара алматылық коворкинг залында өтті, онда тек қазақ тілінде жазатын авторлар жиналған. Әрине, ол жерге келгендер орыс тілін біледі, тіпті кейбіреуі осы тілде жаза алады да. Олар мені бір ауыз лебіз білдіруге шақырды, ал менің айтар ештеңем жоқ еді. Мен қазіргі қазақ әдебиетінің әлемін білмейді екенмін. Авторлар сұрақ қоя бастаған, одан мен орыс тілді әдебиетте не болып жатқанын олардың да білмейтінін түсіндім. Тек тіл кедергісі бөліп жатқан екі түрлі әлем. Жұмыс тілі және қарым-қатынас тілі. Идеологиялық келіспеушіліктер аз, өйткені, кез келген жағдайда шындық

бірдей. Мен Герольд Бельгер туралы айтпай-ақ қояйын, ол осы екі әлемге қандай тұлға ретінде танылды, мәселе, бір жеке тұлғада емес, жүйелік мәселеде. Аударма жоқ, яғни, диалог та жоқ. Тағы бір мәселе – «Қазақстан», «Қазақстан әдебиеті» сөздерінің өзі. Бұл термин нені білдіреді? Ең алдымен, елдің барлық әдебиеттерін біріктіру ме? Бірақ ол басқаша қабылданады. Мысалы, Лиля Калаус бұл анықтаманы өзіне қатысты пайдалану қалыпты емес деп санайды. Қанша автор болса – сонша пікір бар. Бірақ қазіргі қазақ әдебиетінің әлемі ғана орыс тілді оқырман үшін жабық, орыс тілді авторлардың көпшілігі үшін және жабық екені рас.

Болатбек Төлепберген әдебиетке журналистикадан келді. 1996 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетін бітірген., философия ғылымдарының кандидаты. ҚР Президенті сыйлығының лауреаты, ҚР Мәдениет қайраткері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының және Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының иегері.

Бірінші жұмыс орны – «Жас алаш» газеті. Өр жылдары «Зерде» және «Жалын» журналдарында бас редактордың орынбасары, «Асар» және «Журналист» газеттерінде редактор болды. 2008-2013 жылдары «Шалқар» радиосының бас редакторы, бас редакторының орынбасары болды. 2013 жылдың қаңтарында Қазақ радиосы директорының орынбасары болды.

1986 жылдың 17-19 желтоқсанында Кремльдің кадр саясатына қарсы шыққан қазақ жастарының демонстрациясын зерттеумен айналысып, Желтоқсан оқиғаларына қатысушылардың ісі бойынша материалдар мен басқа да құжаттар өлі де жасырылғанын ("Азаттық" сұхбатынан») айтып бағуда:

Алматыда 1987 жылы 16 маусымда 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының төрт қатысушысына қатысты «қылмысты іс жасады» деп айыпталған үкім шығарылды. Сот Ертай Көпесбаевты төрт жылға, Түгелбай Төшенов пен Қайыргелді Күзембаевты 15 жылға бас бостандығынан айырды. Қайрат Рысқұлбеков өлім жазасына кесілді. Кейін Рысқұлбековке өлім жазасы 20 жылға ауыстырылды. Ол 1988 жылы 21 мамырда Семейдегі түрмеде жұмбақ жағдайда қайтыс болды.

Сол кезеңдегі жұртшылық Желтоқсан оқиғаларына қатысқан бірнеше адамға қатысты 1987 жылғы 16 маусымдағы үкімді қалай қабылдады?

1987 жылы 16 маусымда үкім шығарылған кезде қоғам үнсіз қалды. Ешкім өз пікірін білдірмеді, тоталитарлық режимнің қатыгездігінен қорықты. Олар 1986 жылғы желтоқсандағы оқиғалар кезінде қанды шаралар қолданылғанын білді, олар ешкімді аямайтынын түсінді, сондықтан олар үнсіз қалуға мәжбүр болды.

Мен өз кітабымда 1986 жылғы желтоқсандағы оқиғалардың қалай басталғанын, олардың барысын, нәтижелерін және сол толқуларға қатысқан адамдардың тағдырын сипаттауға тырыстым. Конституциялық Соттың 12 томдық ісіндегі желтоқсан оқиғалары туралы мұрағат материалдары мен құжаттарды, алаңға жіберілген жастардың сирек кездесетін фотосуреттерін қолданылды. «Қасиет – Желтоқсан!» кітабында Желтоқсан оқиғасынан кейін сотталған 800-ден астам жастардың тізімі, олардың әрқайсысы туралы мәліметтер ұсынылды. Мұндай материалдар бұрын бірде-бір еңбекте жарияланбаған. Кітап тек қазақ тілінде жарық көрді.

Ақын, аудармашы, сыншы, эссе жазудың шебері Ардақ Нұрғазы 1972 жылы, Қытайда дүниеге келген.

1991 жылдан бастап қазақ тілінде өлеңдер жазады.

Қазақстанға қоныс аударып келген соң, 2006-2008 жылдары «Шетел әдебиеті» журналының бас редакторы болды, «Алматы ақшамы» газетінде шолушы болып қызмет етті.

«Жалған Бостандық кітабы» (2009 ж.), «Арақұс» (2012 ж., қазақ және қытай тілдерінде) өлең жинақтарының, «Сызықтар мен нүктелер» (2010 ж.) әңгімелер жинағының және «Современная казахская поэзия» («Заманауи қазақ поэзиясы», 2010 ж.) монографиясының авторы.

Ақын Ардақ Нұрғазының өлеңдері орыс әдеби журналдарының бірінде, мен үшін астаналық ақын Қанат Омардың орыс тіліндегі аудармасында жарияланды, одан

Ардақ туралы айтып беруін сұрайтындай қисынды ештеңе жоқ деп ойладым, өйткені, жұмыс үстіндегі аудармашы әркез авторға жақын болады, өйтпесе, кемелділікке жету мүмкін емес:

Тағдыр мені Ардақпен кездестіріп, оның өлеңдерін орыс тіліне аударуға мүмкіндік бергеніне ризамын. Ол аудармалар 2018 жылы «Texonly» журналында алғаш жарияланды. Автор әлемнің көптеген тілдеріне аударылады деп үміттенемін. Ол бұған лайық! Бізді оның замандастары болғанымыз үшін ғана естеріне түсіруі мүмкін.

Ардақ Нұрғазы тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар, одан тыс жерлерде де деңгейі биік әдебиетті сүйетін оқырман қауымға бұрыннан белгілі. Оның керемет өлеңдері Ресейде, Қытайда, Еуропада және АҚШ-та жарияланған һәм зерттелген. Оны, ең алдымен, қазақ поэзиясының постмодернистік желісінің көрнекті өкілі ретінде біледі және тіпті коммунистік жүйенің түрмесінде азапталған Мағжан Жұмабаевтың қайталанбас әрі ымырасыз әдеби мұрагері деп те атайды.

Менің ойымша, Ардақ ақындық сөзінде Ұлы даланың серілік поэзиясының батыл интонациясы мен қазіргі әлемдік поэзияның мотивтері біріктіріліп, оның барлық қиындықтары мен қарапайым және адал сөйлеуге талпыныстары біріктірілді. Айта кету керек, Нұрғазы поэтикасы үшін ғасырлар бойғы Қытай дәстүрі де аса маңызды.

Мен оның мәтіндерінде қазақ поэзиясы болашағының қазынасы жатқанын, оны қазақ әдебиетінің болашақ ғимаратының іргетасын қалайды деп санайтын еуропалық әдеби сыншылармен келісуге дайынмын. Бүгінгі таңда жас авторлар Ардақты еуропалық және солтүстік америкалық модернистерді ашқан ұстаз ретінде де құрметтейтіні таңқаларлық емес: ол өз аудармаларында Томас Элиот пен Эзра Паундты қазақ тілінде сөйлетті.

ЕЛЕС

Тарихтың қан сасыған ауласында,
балталарын сүйеп қойып,
екі жендет шахмат ойнап отыр.
Тұсауы кесілген сәби төлтіректен,
күйген қанатымен көтеріліп ұша алмаған
көбелекті қуып жүр.
Қоршаудың сыртында біреулер
таласқан өтешке үймелеп,
қалпақтарын аспанға атып жатыр.
Мешіттің төбесінде көлеңкесі жоқ ай бұлдырайды.
Таңғы азанға оянғандар қатарға тұруда.
Шырақшысы кешіккен тас табыттың түбінде
құлағы мен құйрығы шұнтитып кесілген ит
байлаулы тұр,
Ол ит үрмейді, ұлиды.

ЖАҢБЫР АСТЫНДА

ЖАЛҒАН БОСТАНДЫҚ КІТАБЫ

Ақжауын.

Жерде жатқан жапыраққа сырт етті

Бір тамшы.

Білмедім, сенің жасың ба?

Жаңбыр астында

Ұзап кеткен бейнеңді шығарып салып,

Қиялым су болып

Сеңделіп келеді.

Тоқтау судың беті толған жапырақ.

Мыжып тұрыппын біреуін,

Өзімді де мыжып.

Су болған сары жапырақ кетті езіліп...

Алақанымға қонып

Ұшпай қалған көбелек

Үнсіз,

Көлеңкесіне жұтылып...

Мен тұрмын жауын астыңда қыбырсыз.

ДӘЛДІҚ ҺӘМ ТҰНЫҚТЫҚ

*АРАҚҰС кітабынан
В. Симбурыскаға*

Терең, қараңғы құдыққа түскен
Тастай,
Бөлме.
Өлді деуге сені аузым бармайды.
Арайлы дидарыңа ана дүниенің есігі
Айқара ашылса да.

Шулаған мынау дүниенің шуағы секілді
Шумақтарың,
Империяның тас қабырғасынан да өткен.
Түнектен қорықпайтыныңды білемін.
Аяқ басқан аралыңнан ізіңмен қайтып кеттің бе?
Тас тығылған тамағымда
Саған жазған жырларым бұлқынады.

Дәлдікті кейде тұнықтық деп те атаймыз,
Орманда жел тұрып, жапырақтар ұйытқиды
Олар орнынан тұрып жатыр.
Шым-шытырық дүние болмысын жоғалтқанда,
Масқаңды түсірдің сен.
Алақаннан ұшып шықты солтүстіктің арақұсы.

4 ТАРАУ.

ҚОЛТАҢБА



Бірде көшеде келе жатып, бір ақыннан қолтаңба алып жатқан көріністі көзім шалды. Кітапханаға, немесе қандай да бір залға кіре берісте емес, көшеде, ал нақтырақ айтсақ, мен Бақытжан Қанапияновтан сұхбат алып жатқан Алматы скверінде. Өтіп бара жатқан жас жігіт тоқтай қалып, Бақытжаннан дәптеріне қол қойып беруін өтінді. Ақын мэтрге төн талғампаздықпен қолын қойып берген. Содан кейін біз онымен өмір ережелері туралы сөйлестік. Бұл біртүрлі болып көрінуі мүмкін, бірақ «Esquire» журналындағы айдар концепциясы осындай. Сквердегі сұхбаттан, айта кету керек, нәтиже болмады, біз Бақытжанды редакцияға шақырдық, сол жерде редактор Ира Утешева дайындалып, материал жазып алды, ал осыдан кейін өз викторинасын ұйымдастырып, жауаптарға түсініктеме беруге тырысты.

Менің басты шығармашылық ұстанымым – тыныштықты тыңдай білу. Жалпы адамзаттық ұстанымым – адамдарды сол күйінде қабылдау.

Тыныштық туралы айту қиын, керісінше, мен Бақытжанның іс-шараларда оның әріптестерінің гүлдеген шұбыдың қандай болатынын бақылағам, ал енді мәлімдеменің екінші бөлігі дәл нысанаға тиіп жатыр. Өз басымнан өткен.

Әдебиет, соның ішінде поэзия мінберге шығып оқитын бұрынғы қалыбын жоғалтып, салондық ерекшелікке ие болды, бұл енді дұрыс.

Дұрыс айтасыз! Бұл тек қазақстандық ақындарға ғана қатысты емес.

Мен ақынмын, жазушымын, өмір бойы Пушкин тілінде жазамын. Бірақ 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларынан кейін сол жылдары жазылған «Балалық шағымнан ұмытылған тіл» өлеңім үшін сынға ұшырадым. Онда «Әйгілі екі тілділік – екі жүзділік» рифмасы бар. Көп сөз осы үшін айтылды. Әйтсе де, өлең мүлдем басқа нәрсе жайлы еді. Онда ұлтшылдық мотивтер жоқ болатын. Мұнда қалалық зиялы ортада тәрбиеленген «асфальт» баласының ана тілін білмегендігіне өкінуі бар.

Қазақ тілін «Қыз Жібекті» аударған кезде үйрендім. Бес мың жол, бес жыл еңбек. Жазғы демалысқа ауылға барғанымды үлкен жылылықпен еске аламын, бұл да жақсы негіз болды. Міне, қазір көз алдыма сол жұлдызды аспан, сонымен қатар, шіркей қаптаған проектордың жарық бағанасы келеді. Ол кезде киноны ашық аспан астында көретінбіз.

Әйелімнің атасы, жазушы, аудармашы Ғалым Ахмедов «Қыз Жібек» поэмасын міндетті түрде Анна Андреевна Ахматованың аударғанын арман етті. Ол жақсылап жолма-жол аударма жасады, соны Ахматоваға апарып берген екен, ана кісі ұнатып: «бір жолы мынанша болады», - деген. Сөйтіп, келісімшартқа қол қойған. Міне, Зоценко бойынша Ждановтың (ВКП ОК (б) ұйымдастыру бюросының 1946 жылғы 14 тамыздағы «Звезда» және

«Ленинград» журналдары туралы» көптеген жылдар бойы көптеген талантты ақындар мен жазушылардың тағдырын анықтаған әйгілі Қаулысы. – Esquire). Барлығы тоқтап қалды.

Поэманы аудару маған қорқыныш тудырған жоқ. Мағжан, Шөкәрім шығармаларын аударған біраз тәжірибем бар еді.

Қыз Жібек пәктігін жоғалтатын сахна үлкен әдепті талап етті. Мен өз аудармамдағы осы көріністермен мақтанамын: «Случилось то, что быть должно, / Что в юности нам суждено / Впервые в жизни испытать и что не надо объяснять / Наш Тулеген, наш ер-джигит, / Весь в пламени любви горит. / Девичий расколос орех, / Он сном возлюбленного спит. / Тут не охотник ли сайгу / На полном подстрелил скаку, / И так разделявал добычу, / Что пятна крови на снегу?!».

Менің «Қыз Жібек» аудармамды поляк әріптестерім негіз етіп алды. Бір жарым ай бойы шұжықтарымен сыйлаған. Мен оларға ерекшеліктерін түсіндіріп бақтым. Пушкин аудармашыны «ағартушылықпен айналысатын пошта жылқысы» деп атағаны бекер емес шығар.

Менің балаларым поэма аудармасы – менің еңбегім екенін мектеп бағдарламасынан білді. Таңданыстарында шек болмады.

Тараудың басын қараңыз. Қолтаңба жайлы.

Алғашқы өлеңімді Олжас Сүлейменовке апарғанмын.

Мені таныстырған кезде: «Міне, Бақытжан, бұл – Олжас, біздің титан!»,– деді, ал Сүлейменов болса: «Ешкімге сенбе, титан – бұл су қайнатқыш»,– деді.

Жақсы поэзияда сезімге толы бастама болуы керек.

Сонда Олжас – су қайнатқыш емес қой?

Менің Музам бар. Біз екеуіміз қазір немере тәрбиелеудеміз.

Мен студенттік кештерде өлең оқығанды жақсы көрдім. Бірде «Чайлд-Гарольд қажылығын» көркемдеп оқып бердім де, бұл менің өлеңім екенін айттым. Осы кезде химия факультетінің студенті болып табылатын бір ханым

осы өлеңнің келесі шумағын жалғастырды да: «Бұл да сенікі ме? Әлде Байрондікі ме?»,- деп сұрады. Осыдан кейін ол менің Музама айналған.

Өлеңдерім алғаш рет 1975 жылы «Просторда» басылды. Мен журналды Коммунистический даңғылы, қазіргі Абылай хан мен Мәметова көшесінің қиылысындағы дүңгіршектен сатып алдым. Наурыз айының соңы, ымырт, келе жатып қарасам, үшінші нөмірі екен, мұқабада «Жастар поэзиясы» деп тұр. Сол кездегі менің бақытым отыз тиын тұрған екен.

1977 жылы «Ночная прохлада» («Түнгі салқын») атты кітабым отыз екі бет болып жарық көрді. Кітап дүкенінде бір бойжеткеннің менің жинағымды қалай сатып алғанын көрдім. Мен оның артынан дүкеннен шығып, жинаққа меңзеп, жай ғана: «Қызықты ма?»,- деп сұрадым. Ол болса: «Мұны маған қосымша ретінде берді», - деп жауап берді. Біраз уақыттан кейін отбасылық мереке кезінде генерал, бұрын әскери барлаушы болған ағам мені ұзақ құттықтап, ақыры Қанапияновтар отбасында, Шыңғыс ұрпақтарының арасынан ақын шыққанын айтты да, кітапты аударып-төңкеріп, бағасына қарап: «Бақытжан, сенің кітабың он тиын тұра ма?! Бос бөтелкеден арзан ғой!», - деді. Міне, менің алғашқы кітабым жайлы алғашқы пікірлер осындай болған.

Поэтикалық кітаптардың қаламақысы өткен ғасырда қалды.

Мен мақтанатын дүние, баспагерлікті қолға алған соң, жас жазушылардың кітаптарын шығаруға көмектестім. Өтірік айтпай-ақ қояйын, қол астымнан елу адамдай өтті. Мен олардың әрқайсысың көзінен 77-жылдардағы өз қуанышымды көрдім.

Біздің «Жібек жолы» баспамызға түскен алғашқы үлкен тапсырыс – шағын бандерольдер – ақша орамын байлайтын ленталар еді. Бұл айналымға төл теңгеміз енгізіліп жатқан 1993 жыл еді, оларды КСРО Банкінің бандерольдарына орап шығарып жатқан болатын, сөйтіп, бұл жағдайдан шығу үшін өз үлесімізді қосуға тура келді. «Егемендік керек болса, міне!» дедік.

Мұхтар Әуезов шығармаларының толық жинағы да бізден шықты. Елу том. Он жылдық еңбек.

Немереме Жаңа жылға арнап өлең жаздым. Тапсырыс бойынша. Гонорарсыз.

Дүниежүзілік поэзия күні де менің бастамам. Ұсақ-түйек болса да, жанға жайлы іс. Рас, 1996 жылы Алматыда өткен Қазақстан мен Ресей ақындарының халықаралық кездесуін біз 29 ақпан деп белгілеген едік, бірақ ЮНЕСКО 21 наурызды бекітіп берді, дегенмен, бұл күн жыл сайынғы мерекеге айналды.

Грузияда бұл мереке күні кафелерде өлең оқу арқылы есептесу дәстүрін енгізгуді жүзеге асырғалы жатыр. Мәнерлеп өлең оқы да – өз сэндвичіңді ал. Грузин әріптестеріміздің тәжірибесін біз де қабылдаймыз деген ой бар.

Мен Чернобыль АЭС-нің үшінші блогында болдым. Жермен-жексен болған «төртіншіні» көрдім. Припять... Жан түршігерлік. Стругацкий, Тарковскийдің қорқынышты сюжеттері сияқты.

Кеңес заманында ең демократиялық орта кинода болатын. Киногер ретінде мен бүкіл елді аралап шықтым.

Мен – Көкшетау қаласының Құрметті азаматымын, ал тақ күндері – Алматының.

Жиырма жыл бұрын менде «Мозер» қабырға сағаты болды, ол өзінің дәл жүрісімен менің өміріме бір үйлесімділікті енгізді. Содан кейін көшіп-қонып жүрген кезімде, ол сағат сол күйі жоғалды, сонысымен жанымға жайсыздық сезімін ұялатып кетті. Осы Жаңа Жыл қарсаңында жертөледегі заттарды сұрыптап отырғанымда, кенеттен «Дзың» деген дауыс естідім. Қарасам, сол баяғы сағат! Сыныпты, шаң басыпты. Өзін-өзі еске салды! Мен тұрып: «Бұл менің бұрынғы Алматыда өткен уақытым ғой», - деп ойлап қоямын. Шеберді тауып алдым. Жәндеттім. Енді қайтадан біргеміз. Дегенмен, өмірдің ерекше ережелерін белгілейтін нәрселер бар. Мен қазір уақытымды үнемдеуге тырысамын.

Бұл сағат – Бақытжанның мені қонаққа шақырғанында бірінші болып көрсеткен заты. Мен уақытқа деген мұндай оғаш қарым-қатынасты бұрын-соңды кездестірмеген едім (ол риясыздыққа қарамастан, әрдайым ұқыпты және тиянақты).

Электрондық көрсеткіштер, гаджеттер – бұл заманауи петроглифтер. Олар белгілі бір уақытша код іспеттес.

«Фейсбукте» бармын, таңымды желідегі жаңалықтарды парақтаудан бастаймын. Ал саяжайда

«Мәскеу» баспа машинкасын сақтап жүрмін, сондықтан, мен тіпті ақырзаманға да дайынмын.

Біздің өмірімізге электронды кітаптың келуімен кітаптың хош иісі жоғалып кетті.

Темекі шегемін, күнөһармын. Ұнамаған адамды «редиска» деп атай аламын.

Ыстық көлдің оңтүстік жағалауын жақсы көремін, онда менің ең шыдамды тыңдаушыларым – якилер тұрады. Соларға жиі өлең оқып тұрамын.

Сатқындықты кешіруге бола ма? Білмеймін. Жоқ-ау, сірә, бірақ сіз ойлана келе, «мүмкін кешіруге болатын сияқты» деп ойлай бастайсыз. Мен жұлдызжорамал бойынша «таразымын».

Адамдарды тек ринг алаңында ғана ұруға тура келді (жастық шағында Бақытжан Қанапиянов бокспен айналысты).

Мен «айна» сынды адаммын, адамдар маған қалай қараса, мен де оларға солай қарауға дағдыланған адаммын. Соққы үшін екінші бетімді бере қоймаймын.

Бақытыма орай, тексермеңің және тексер-меймін де.

Жалғыздықтан қорықпаңыз.

Жарты ғұмырыңда жеңілесің, одан кейін өзіңе тиесіліні қайтарып ала бастайсың.

Мен кейбір өлеңдерім үшін ұяламын, бірақ оларды түзетейін деген ойым жоқ.

Өмірде ең бастысы, өзің жүрген ортада басқаларға кедергі жасамау.

Даңқ – бұл преферанс жеңіп алуың. Көшеде адам танып жатса, бұл жай ғана жағымды әсер қалдырады.

Мен бақытты адаммын ба? Бұл тұрғыда менің атым: «бақыт» – «счастье», «жан» – «душа». Бұны мен «өзгелерге бақыт сыйлай алатын адам» деп түсінемін.

Бірден әлемнің үш елінде (Түркия, Ресей (Чувашия), Малайзия) кітаптарым шықты. Өзімнің аудармашы-достарыма: Түркияда тұратын өзірбайжандық ақын және профессор Мамед Исмаилге, Чувашияның халық ақыны Валери Тургайға өлеңдерімді аударғаны үшін және Малайя университетінің профессоры (Куала-Лумпур) Виктор Погадаевқа, менің прозамды, нақтырақ

айтсам, малайзиялық жас Кемал мен қытайлық Лэчаннның махаббаты туралы «Светлячки» повесін аударғаны үшін алғысым шексіз. Құдай сендерді және әдебиетке деген асқақ махаббаттарыңды сақтасын.

Жан Бақыт.


Жан Бақыт деген бүркеншік атпен ақын, прозашы және баспагер Бақытжан Қанапиянов Қазақстаннан тыс жерлерде танымал.

ЕКІ МЫҢЫНШЫ ЖЫЛДАР

Тоқсаныншы жылдардан кейінгі онжылдықты елімізде Мәдениет министрі Арыстанбек Мұхамедиұлының жеті жылдан кейін жасаған мәлімдемесі жақсы сипаттайды: ол Қазақфильмді Диснейлендке айналдыруды ұсынды. Бұл тек кинематография үшін ғана емес, сонымен бірге, біздің бүкіл мәдениет, Алматыда бизнесті дамыту саласы үшін үлкен серпіліс болар еді. Бұл жобаны тек Алматы ғана емес, елордамыз – Астанада да қарастыруға болады. Он жыл бойы мұнай банкноттары еліміздің айналымында болды, олар тікелей ауадан төгілгендей көрінді. Кітаптар алтынмен жаланған мұқабаларда басылып шығарылды, классиктердің және тарихи қайраткерлердің фолианттарын дайындауда үлкен белеске шығуға болатын еді. Бұл үдеріске қосыламаған жазушылар (бірақ қалай болғанда да көбі үлес қосты), бұрынғысынша маргинал болып қалды, шектелген атракцион паркіндегі ұзын қуыршақтар тәрізді бұл концепцияға басын қатырмады да. «Бизнес» сөзі – елдегі қадірлі сөзге айналды. Оны тіпті қазақ тіліне де, латын әліпбиіне де аударудың қажеті жоқ еді. Бәрі әдеттегідей кете берді, бірақ одан әрі жинақталған капиталмен арасында келіп-кетуге мүмкіндіктері бар еді. Егер аздап күш салсақ, тіпті фильм түсіруге де қаражат алуға болатын, әсіресе, танымал саяси тақырыптарға фильм түсіру мүмкіндігі зор еді...

5 ТАРАУ.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ РОМАН



Тоқсаныншы жылдардың, Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы онжылдығының екі мыңыншы жылдағылардан басты ерекшелігі – өткен кеңес дәуірімен еш байланысы жоқ, жаңа авторлардың пайды болуы еді, қиындықпен бетпе-бет келген, оқырман назарынан тыс қалған олардың көбі қоныс аударып кетті. Біреулері жазуды қойып кетсе, біреулері, яғни, фантаст Сергей Лукьяненко сияқтылары, керісінше, әлдеқайда көп жетістікке жетті. Әркім мәселені өз бетінше шешті. Бұл тарауда Сорос–Қазақстан қорының жылдық стипендиясын алып, бір жыл бойы тыныш жұмыс істеуге қол жеткізген авторлардың жарыққа шыққан кітаптарын оқып, баға берген я тағдырын шешкен аға буын өкілдері өз ойларын ортаға салады. Айта кету керек, бұл мәселеге «Жаңа қазақстандық роман» деген анықтама берілді, егер мұндай романдардың бұрын жарық көргенін ескерсек, бұл

атау дабырадай қатты естіледі. Дегенмен, тұжырымдама ұсынылды, сондықтан бұл тарауда стипендиант авторлардың ендігі шығармашылық тағдырлары қалай қалыптасқаны туралы сөз етеміз.

Соңғы сұхбаттарының бірінде, екі мыңыншы жылдардағы Қордың бұрынғы төрағасы Мұрат Өуезов былай деп еске алды: әдебиетті қолдау бағдарламасы – маған жақын. Байқау жариялады. Барлық қатысушылардың ішінен ең талантты бес жазушы таңдалып алынып, оларға шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік берді. Ай сайын 300 доллар стипендия төленді. Айгүл Кемелбаева, Таласбек Өсемқұлов, Николай Веревокин, Илья Одегов, Дидар Амантай сынды дарынды жазушыларымызға біздің қаржылай көмегіміз жақсы қолдау болды.

Қазақ тілі мен әдебиетін дамыту әрқашан СҚҚ жұмысының басым бағыты болды. 2002 жылы «Заманауи қазақстандық роман» әдеби байқауының бес жеңімпазының үшеуі: Амантай мырза, Өсемқұлов мырза және Кемелбаева ханым қазақ тілінде кітаптар шығаруға мүмкіндік алды.

«Біздің еліміздегі терең экономикалық дағдарыс кезеңінде СҚҚ-ның бірегей бағдарламаларының практикалық және нақты көмегін қазақ аңызының қанатымен су тасыған қарлығашымен салыстырар едім», - деп жазды Герольд Бельгер «Сорос — Қазақстан» қорының жиырма жылдығына арналған есебінде.

Оқиға естеліктер мен аңыздарға толы болуы үшін көп уақыт қажет емес. Бұл әсіресе әдебиетке қатысты, онда іс жүзінде бәрі дерлік рефлексияға негізделген. Сонымен қатар, субъективті іс жалпыға бірдей танылуы мүмкін, ал егер біреу ренжіген болса, онда бұл тек тереңдік береді. «Тарихтың бұрылыстары» және «тағдырлы оқиғалар» сияқты үлкен сөз құрылымдары пайда болады. Орыс тілі де кез келген тіл сияқты, ұқсас өрнектерге толы. Мысалы, Лидия Чуковскаяның естеліктерін (міне, тағы бір сөз) оқып шығу керек, өйткені, бәрі белгілі бір адамның нақты іс-әрекетіне келіп тіреледі, бірақ белгілі бір жағдайда, болған шешімнің қалай берілгенін еске түсіру және анықтау мүмкін емес. Әдебиетте бәрі жеке тұлғаларға қатысты. Мысалы, 1996 жылы СҚҚ конкурсының номинациялары үш тілде — қазақ, орыс және неміс тілдерінде ұсынылуының қызықты фактісі

немен байланысты? Жеңімпаздардың кітаптары үш тілде жарық көрді. Неміс тілі бұл жағдайда экзотика болып қала берді.

Комиссияда, қазылар алқасында бойында немістің қаны бар бір қазақстандық жазушы, белгілі бір уақытқа болса да, кеңістік нүктесінде үш мәдениетті қатар ұстауға қабілетті, қуатты тұлға Герольд Бельгер болмағанда, неміс тілінде номинация болмас еді. Бірақ, бақытымызға орай, Бельгер болды және ол бар да, ол көпмәдениетті және лайықты құрметке ие бірегей тұлға болып қала береді. Қазақ, орыс және неміс тілдерін жетік меңгерген тұлға ретінде және "Кеңсай" зиратында жерленуімен ол есте қалады.

Николай Веревокиннің «Мамонттың тісі» романына жазылған Виктор Бадиковтың алғы сөзінен, 2003 жыл: 2002 жылдың ақпан айында «Книголюб» газетінде (біздің әдеби өміріміздің жаңалықтары туралы тағы қайдан білуге болады?) Сорос-Қазақстан қоры «Заманауи қазақстандық роман» байқауын жариялады. Байқау мақсаты: қазақстандық шындықты көркем бейнелеуде жанрлық шешімнің жаңашылдығына ие мәтіндерді жасау, Қазақстандағы әдеби үдерісті жандандыру.

Алғаш рет, мүмкін, әлемдік практикада қазылар алқасы аннотациялық өтінім негізінде әрі ең жақсы авторлардың болашақ жұмысының бір-екі эпизодын анықтауға тәуекел етті, содан кейін олар романын аяқтауға тура бір жыл уақыт берілді, оған қоса ай сайынғы стипендиямен қолдау көрсетілді. Қазылар алқасының құрамына белгілі қазақстандық сыншылар, жазушылар, әдебиеттанушылар мен мәдениеттанушылар кірді.

Қазақстанда жарияланған романдар конкурсына қаншалықты қызығушылық танытқандығы жайлы байқау жобасына қатысқан қатысушылармен сұхбат жарияланған. Г.Бельгер, М.Әуезов, А.Арцишевский, Л.Шашкова, Ж.Айдаров, К.Кешин, В.Бадиков және т. б. жазушылардың қатысуымен заманауи роман мәселесі талқыланған дөңгелек үстел өткізілгенін «Апполинария» және «Книголюбтың» материалдарынан байқауға болады.

Жеңімпаздар өздерінің жауапкершілігін сезіне отырып, ойларын қарапайым түрде ашық айтты: «Қазіргі роман қандай болуы керектігін білмеймін. Бұл тым жеке мәселе, жаңа әдебиет өкілдерінің тәжірибесі осының бәрін

бір арнаға тоғыстыра алмайды. Сіздің қолдан келетін нәрсе, жерге заманауи құштарлықпен сәулеленген тұқым себу». (Н.Веровочкин). «Менің ойымша, қандай да бір тақырыптарға жазудың қажеті жоқ. Әр адамның өзінің субъективті шындығы бар. Нағыз суретшіге суретке түсіру емес, осы шындықты жазу маңызды» (И.Одегов).

«Заманауи қазақстандық роман» байқауының алдын ала қорытындылары қандай болды? Роман Қазақстанда бар, сұранысқа ие және өте өнімді жанр болып шықты. Біздің байқау роман уақытында (өзгеріс уақыты — мазасыздық пен үміт) романсыз мүмкін емес екенін растады. Біз таңдауда қателескен жоқпыз деп үміттенеміз...

2008 жылдың көктемінде, Виктор Бадиков мезгілсіз әрі қайғылы жағдайда өмірден өткеннен кейін бірнеше күннен соң, оны еске алу кешінде достары мен әріптестері Виктор Владимировичтің оптимист болғанын ерекше атады. Шынында да, таныстырылған романның алғысөзінде, бүкіл жағдайға байланысты, оптимизм жеткілікті еді.

«Аманат» журналына берген сұхбатында ол Қазақстан әдебиетінің басты мәселелерін анықтауға тырысты: біріншіден, көркем аударманы қалпына келтіру керек дегенді айтқан. Бұл әдеби байланыстардан басқа, бірлескен шығармашылық та, екіншісі, қазақ жазушыларының шығармашылық тілі бойынша бөлінуінің шиеленіскен проблемасын шешіп алу. Үшіншісі, Жазушылар Одағы мен ПЕН-клуб жастарды, әсіресе, «Қазақстан мен Орта Азияның әдеби майданы» сияқты перспективалы ұйымдарды қадағалап отыруы керек, төртіншісі, жазушыларға материалдық көмек көрсету: әдеби шығармашылық еңбек – ең жауапты нәрселердің бірі және ол үшін ақы дұрыс төленуі керек. Бесінші, біздің меценаттарымызға қазылар алқасының пікіріне сүйене отырып, сыйлықтар тарату.

2003 жылы, жазушы Дүйсенбек Нәкіповке берген сұхбатында Виктор Бадиковтың оптимизмі тағы көрініс берген: «әдебиет өлді» деп даурыққандар бір кездері көп болды. Алайда, әдебиет өлген жоқ. Тіпті нарықтық, жаппай оқу – біз нағыз әдебиет деп санайтын сол бір

әдебиетті тұншықтыра алмады. Бүгінгі басты проблема – жазушының өзін жазушы ретінде сезінуі. Николай Веревошкин романының тағдырына келетін болсақ, мұнда айтқан алғы сөзім сәтті болды – бұл жеке кітап, конкурстағы жеңістің нәтижесі, оның романының 2010 жылы ресейлік «Дружба народов» журналында жарық көруі, мұны сол кезде журналдың редакторы болған Александр Эбаноидзе үлкен жылылықпен еске алады. Анығын айтқанда, Николай Веревошкин байқау кезінде тек дебютант қана емес еді, ол алдыңғы және осы байқаудың да жеңімпаздарының бірі болатын (ең жақсы пьеса номинациясында), Николай 1993 жылдан бастап, әртүрлі басылымдарда жарияланып жүрді, 2006 жылдан бастап Ресейдің жетекші «Дружба народов» және «Знамя» әдеби журналдарында шығармалары жарық көрді. «Сорос-Қазақстан» қорының байқауындағы жеңістен кейін оны 2006 жылы «Русская премия» күтіп тұрған. Алматының әдеби «кешінен» шеттеп қалған болса да, қазақстандық авторлармен сұхбатта жиі айтылып жүрді, оны оқырмандар таниды, біледі және оқиды.

«Сорос-Қазақстан» қорының екінші конкурсының тағы бір жеңімпазы да ортаға жаңадан танылған адам емес. Таласбек Әсемқұлов – музыкант, композитор, қазақтың қостілді жазушысы, кинодраматург, әдебиет және музыка сыншысы, мифологияны, тарихты, этнографияны зерттеуші, домбыра жасау шебері, қазақ тілінен орыс тіліне, орыс тілінен қазақ тіліне аударатын аудармашы, ол туралы интернет осылай деп жазады. «Талтүс» романы («Полдень») байқау аясында жарық көрді, әрі бұл 2014 жылы өмірден өткен жазушының көзі тірісінде жарыққа шыққан жалғыз кітабы болды. 2019 жылы романды «Shelley Fairweather-Vega» ағылшын тіліне аударған, ол Индианадағы «Slavica Pub» университетінің баспасында «A Life At Noon» деген атпен жарық көрді. Роман «Қоғамдық сананы жаңғырту» қазақстандық мемлекеттік бағдарламасы аясында БҰҰ-ның басқа тілдеріне аударылды.

Бір сұхбатында жазушы, мәдениеттанушы Зира Наурызбаева күйеуі мен «Талтүс» романы туралы әңгімелейді:

– Таласбек өте жан-жақты адам еді, ол ең алдымен, музыкант ретінде танылды. 17 жасында Бүкілодақтық әуендер студиясында пластинка шығарды. Проза, сын, музыка, тарих, мифология бойынша зерттеулер жазды. Соңғы 10 жылда жазған кинороман, киносценарийлерінің бәрін екі тілде жазды.

«Талтүс» – Таласбектің балалық шағы, жастық шағы, өзінің атасы мен қарт замандастары туралы, кеңес заманында дәстүрлі өнерді қалай сақтап қалғаны, азаматтық соғыстан, Сталиндік лагерьлер мен кедейліктен қалай өткені жайлы өмірбаяндық роман. Сонымен қатар, бұл өнерді келесі ұрпаққа, атап айтқанда, Таласбектің кейіпкері – оқушы-балаға беру үшін сақтап қалғаны жайында. Бұл роман 2003 жылы жазылған, ол «Сорос-Қазақстан» қорының «Заманауи қазақстандық романдар» байқауының жеңімпазы. Ол кезде Қор директоры Мұрат Әуезов, ал қазылар алқасының төрағасы – марқұм, әдебиеттанушы Зейнолла Серікқали болды.

Таласбек көп жағдайда, заманынан озып туған талант иесі еді. Журналист, жас сыншы Әсия Бақдәулетқызы Таласбек туралы былай деп жазды: «Кейде Таласбек аға өткен заманнан, XVIII ғасырдан немесе одан да бұрынғы уақыттан бері келе жатқандай көрінеді. Кейде ол болашақтың адамы сияқты көрінеді». Бұл шынында да солай, өйткені Таласбек үшін өткен тарих, кешегі бағырларымыз шынайы өмірге қарағанда жақын болды. Ол түсінде ғұн, түркі тайпасы қытай әскерін қоршап, оларға қарсы шапқанын көретін. Тәттімбет түсінде армандаған кезде, ол: "Мен екі себептен жылаймын: ешқашан Тәттімбет ойнағандай ойнай алмаймын. Сондай-ақ, менен басқа ешкім де нағыз күйшілердің қалай ойнайтынын ести де, көре де алмайды». Таласбек қазіргі қазаққа біз жоғалтқан кейбір нәрселерді сезіндіргісі келді.

Қордың екінші конкурсының жеңімпаздары тәжірибелі авторлар болды, оның құрамында Виктор Бадиков өзінің алғысөзінде атап көрсеткен қателіктер, әрине, болған жоқ.

Айгүл Кемелбаева әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналист мамандығы бойынша оқыған. М.Горький атындағы Мәскеу Әдебиет институтын «әдеби қызметкер» мамандығы бойынша бітірген. Кеңестік

кезеңде Қазақстаннан келген әдебиетшілер бейінді білім алу үшін Мәскеуге аттанды, мемлекет республикалармен, оның ішінде қаржы жағынан да осы өзара қарым-қатынастарды реттеді. Жаңа ұрпақ мәселелерді өз бетінше шешуге мәжбүр болды. Көптеген қазақстандық авторлар оқуымен, тіпті Әдеби институттың дипломымен мақтана алмайтын еді.

2000 жылы Айгүл Кемелбаева әдебиет бойынша ҚР «Дарын» Мемлекеттік Жастар сыйлығының лауреаты атанды. Активте 19 түрлі әдеби сыйлық, оның ішінде Сорос-Қазақстан қорының сыйлығы да бар болатын. 2001 жылдан бастап Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі. 200-ден астам әдеби мақалалары жарық көрген. Үш проза және бір эссе кітабының авторы.

Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесінің желісімен түсірілген «Күнә» фильмі сценарийінің авторы, бұл фильмді 2005 жылы режиссер Болат Шәріп «Қазақфильмде» түсірген болатын.

2017 жылдың мамыр-маусым айларында, Германия астанасында, «Гете» институттың шақыруымен, Берлин әдеби коллоквиумында (Literarisches Colloquium Berlin; LCB) «Әдеби бағыттар» халықаралық жобасына қатысқан үш жазушы болды. «Гете» институты өткізетін жоба Германия мен Шығыс Еуропа/Орталық Азия арасындағы әдеби диалогты дамытуға бағытталған. «Әдеби бағыттардың» кезекті кезеңіне қатысушылармен жазушы және журналист «Берлин. Берега» журналының бас редакторы Григорий Аросев (сұхбат 2017 жылдың маусым айында журналда жарияланды) сұхбаттасқан еді. Кездесуге қатысушылар арасында Айгүл Кемелбаева да болды: Негізінен туған тілімде, қазақ тілінде жұмыс істеймін. Мәскеуге барар алдында орыс тілін үйрене бастадым. Горький атындағы Мәскеу әдеби институтының түлегімін, А.Г.Битов пен Л.Е.Бежин сынды жазушылардың семинарында оқыдым. Прозаны қазақ тілінде жазамын, содан кейін оны өзім орыс тіліне аударамын. Эссе мен мақалалар орыс тілінде жиі кездеседі. Мысалы, біздің ұлы ақын Абай Құнанбаевты, басқаларды айтпағанда, кейде тіпті қазақтардың өздері де, шын мәнінде түсінбейді, бірақ ол өте терең лирик және ойшыл адам. Абайды бүкіл әлем білуі керек. Сондықтан мен көптеген танымал авторлар туралы жаза бастадым.

Айтпақшы, тарихи тақырыптарға әңгімелер жазып жатқанда, әдетте, мәтінмен ұзақ жұмыс істеймін, архаизмдерді іздеймін – үш жүз жыл бұрын қазақтар қазіргідей жұтаң сөйлескен жоқ, біздің тіліміз әлдеқайда бай, әлі де таза болды. Жазушының жұмысы алтын іздеушінің жұмысына ұқсас, дәлірек айтсақ, кен қазушы сияқты, сіз үнемі іздеуіңіз керек.

Қазақстанда орыс тілін халықтың тоқсан пайызы білетін шығар. Жастарды қосқанда. Дүкендердегі кітаптар толығымен дерлік Ресейдікі, сөйкесінше, орыс тілінде. Әрине, біз қазақтардың ана тілінде сөйлегенін қалаймыз. Бұл белгілі бір мәселе. Бізде тіпті жазушылар – этникалық қазақтар да орыс тілінде жиі жазады, өйткені, олар қазақ тілін білмейді. Қазақ лексикасы – даналық пен философияның, жалпы руханият пен поэтиканың шынайы қазынасы! Мұндай жақсылықты елемеу мүмкін емес, бұл менің жеке пікірім.

Мен неміс авторларын — Ханс Сакстен бастап, Дюрренмат пен Патрик Зюскиндке дейін көп оқыдым. Менің сүйікті авторларым – Гете, Хоффман, Шамиссо, Гессе. Ал «Фаустты» 1969 жылы қазақ тіліне түпнұсқадан Медеубай Құрманов аударған, әрі өте жоғары деңгейде. Менің қазақ тілінде жазылған «Гете және Абай» жиырма беттен тұратын эссем бар (2005 жылы жазылған). Мен өзім неміс тілін білмеймін, бірақ оны мектепте оқыдым, менің біраз негізім бар. Уақыты келгенде, бұл іспен қайтадан айналысамын. Менің төрт әңгімем неміс тіліне аударылды, ал мен неміс фольклоры мен қазақ әдебиетінің өзара байланысы туралы бірнеше мақала жазуды жоспарлап жүрмін.

Менің ойымша, тіл бөрінен жоғары. Бұл бізде былай ғой: егер адам этникалық қазақ болса да, бірақ ол қазақ тілінде сөйлемесе, ол енді қазақ емес, өйткені ойлау, менталитет және ол жердегі барлық дүние қазірдің өзінде орысша. Тіл – бөрінен маңызды, егер халық тілін жоғалтса, ол өзін жоғалтады, дегенмен басқа тілдер арқылы біз бай бола алатынымыз рас. Әрине, әлем бай, бірақ әркім өз тұптамасын біліп, құрметтеуі керек. Өйткені, өзімізді жақсы көру арқылы, біз басқаларды да жақсы көреміз.

Автор сұхбатты оңды-солды таратуы керек пе? Бұл оның танымалдылығына әсер ете ме? Пелевин мен Сэлинджердің жағдайы (жалпы, бұл екі фамилияны кері тәртіпте жазу дұрыс болатын еді) жоқ дейтіні рас. Қазақстандық баспасөз жазушыларға көңіл бөлмейді деп айтуға болмайды, кейде тіпті тұжырымдамалық жобалар аясында да «Әдебиет туралы әңгіме» сынды сұхбат шығып тұрады. Бұл сұхбаттарды желіде орналастырылған, қолжетімді деп айтуға да болмайды. Тараулармен жұмыс жасаған кезде мен авторлардан тапқандайын мәтіндерімде эмоциялар немесе фактілердің болуына қатты мән бердім, сол сияқты, тілге тиек еткен тақырыптарыма бірдеңе жетіспей жатқан болса, сұхбатқа шақырдым. Қорыта айтқанда, дүниетаным мен отбасылық жағдай туралы іздесеңіз, сіз бұл кітапта ондай ештеңе таба алмайсыз.

Көп ретте, Айгүл Кемелбаеваның Берлинде берген сұхбатындай, бәрі айтылған ауқымды сұхбаттарын іздеп тауып алып, соларды керегіме жараттым да.

6 ТАРАУ.

PINK FLOYD



Игорь Полуяхтовпен таныс емес едім. Бір іс-шаралардан екі-үш рет кездестіргенім бар, тек ол өмірден өткеннен кейін ғана суретші Зитта Сұлтанбаева ұйымдастырған оның дискісінің – мәтіндер жинағының тұсаукесерінде өлеңдері мен «Pink Floyd» өндерінің орыс тіліндегі аудармаларын тыңдадым. Бұл кеш сіз не өткізсеңіз де бәрі өз-өзінен андеграунд атмосферасына ие болып шыға келетін «ескі» «Арт и Шокта» өтті. Ал оңашаланатын жерде, кешіріңіз, сізге қарт кітапханашы мейірімді жүзбен тесіле қарап тұрады... Оның қабырғасында көп нәрсе өткен. Интермәтіндік, метафоралық қабырғалар еді әлгілер. Зиттадан Игорь туралы айтып беруін өтіндім.

Игорь қазір көзі тірі болғанда, немен айналысатын еді?

– Менің ойымша, өмірін арнаған нәрселермен – поэзия, аударма, мәдени зерттеулер, бағдарламаларды құру бағытындағы ағартушылық қызметпен айналысар еді-ау, Игорь өзінің журналын шығаруды армандады, оны «Шығыс-Батыс Диваны» деп атау ойында бар еді: «Шығыс–Батыс» қарама-қайшылығы қиял емес, бірақ әлі де шартты. Пушкин «Құранға еліктеу» циклінде тоғыз өлең жазды. Блок бұл қарсылықты Ресейдің ондағы рөлін «Скифтер» өлеңімен көрсетіп, тігісін жатқызды. «Ия, біз скифпіз! Ия, азиялықтар – біз, қиғаш және аш көздермен!», бірақ біз «Бір-біріне қас дұшпан қос нәсіл моңғолдар мен Еуропаның арасына қалқан ұстадық!», сонымен қатар, «бізге галлдық өткір мағына да, бұлыңғыр неміс данышпаны да түсінікті!» Бірақ «Ресей Сфинксі» роман-германдықтардың ақыл-парасатына жағымды бола қоя ма, яки, өз шығармашылығына шығыс, ұлы орыс, батыс ойшылдары мен аспектілерін тоғыстырған еліміздің маргинал деп атауға әбден болатын қазіргі заман өкілдерін оқып, аударма отырып, оны өзі түсініп алар. Әрине, поэзия мен драмаға арналған менің журналым «Шығыс-Батыс Диваны» деп аталар еді. Аты айтып, әрі сіздің сұрағыңызға жауап беріп тұр емес пе? Алайда, бірінші шығарып алайықшы, сосын оқып көрген соң, қалай болатынын бір-ақ айтармыз.

Журнал мұқабасынан Магриттің көзімен өмірдің ішіне үңілейік, бұның өзі «алдамшы айна» болса да, мейлі, әйтеуір, көруге болатын нәрсе болса болды. Түпнұсқалар мен аудармалардың тап-таза тізілген бағандарына көз тастайық. Бұл эстетикалық-практикалық, сонымен қатар, Батыс пен Шығыста, яки, Азияда қалып қойған «ақтаңдақтардың» филологиялық я философиялық (мәдени) ойларын жарқыратып көрсететін алғашқы аударма журналы болар еді. Мен нөмірлерді қазір өзекті болып табылатын мюзиклге, экзистенциалды драмаға арнағым келеді. Нормативті емес лексикаға құрылған әдебиетке, психоделикалық жаратылыстардың мұрасына, барретологияға һәм «Урлайтта» аяқталмай қалған және «Забриски Rider», «Ъ» немесе «Pinoller»-ге пунктирмен өткен джа-халыққа арналатын болса. Бұл пост сияқты

бірнәрселер емес, сол сияқты, касто-академиялық сияқты да емес, іш пысырмайтын, сонда, экономикалық жағынан тиімді болып шыға ма? Құдай өзі кешірсін. Міне, осының бәрін ол жасап, бізге сыйға тартар еді-ау!

«Ресми әдебиет» пен «андерграунд» уақыты өтті ме, әлде біздің өңір үшін әлі де өзекті ме?

Мен осындай сұрақтың берілерін алдын-ала болжап, жауабын ойлана бастағам. Бәріне уақыт төреші. Уақытқа уақыт қана тәуелді, біздің сағатымыздың тоқтап қалғанын сол ғана біле алады. Біздің қолымыздан келетіні, әркім өз мүмкіндігінше жұмыс атқару. Ресми түрде ме, астыртын бола ма – бәрібір. Ауа-райы, саясат, экономика, қолданбалы ғылым, тіпті мәдениетті де біз алдын ала болжап, артынан қайтара болжап қойғанбыз. Ешкім де қалмауы мүмкін еді, тіпті болжағандардың өздері де. Метеожағдайлар бойынша: андеграундқа күмп беруге болады, альтернативаның көлеңкесінде тұра тұруға болады, официоздың қасында коммерциялық күнге қыздырылып, немесе кезекті диссиденттіктің дауылына қойып кетуге болады. Сайттардан кейін кезекке тұрыңыз. Барлық жерлеу қызметтерін брондап барып, өмір сүруге дайын болыңыз. Біздің аймақтың ауа-райы жақсы да, жаман да емес, ол нақты. Екі тілдің (барлық мағынада) бетпе-бет келуі, немесе қазіргі мәтіндердің аудармасы мен сағат тілінің алға немесе кері шегерілуі сияқты, яғни, қалай сәті келсе, солай. Әрқайсымыздың өз сағатымыз соғары анық. Міне, осындай геосаясат һәм социодинамика.

Игорь Полуяхтов 1996 жылы «Сорос-Қазақстан» қоры байқауының жеңімпаздарының бірі болды. Сіз де рәсімде болдыңыз ба? Олай болса, сіздің әсеріңіз қандай болды?

– Иә, ақсүйектердің бұл салтанатты кешіне ақын, прозашы, киносценарист, меніңағам болып келетін Нұрлан Сұлтанбаевты марапаттау рәсіміне келген болатынмын. Ол қайтыс болғаннан кейін, «проза» номинациясы бойынша 3-орынға ұсынылды. Игорь өзінің досы Тая Бендзбен бірге келді. Көк костюм киген ол сымбатты да мұнтаздай жинақы кейпімен басқалардан ерекшеленіп тұрды. Сондай-ақ, досы үлкен-Юрий Леоновпен бірге екеуі поэзия номинациясы бойынша 1 орынды екеуара бөлісті. Алдымен олар бірге жүріп, залдың қабырғаларына

ілінген көрме экспозициясын тамашалаған. Салтанатты рәсімді осы жобаның үйлестірушісі Валерия Ибраева жүргізді. Ақыры осы жерде жиналып қалғаннан кейін, біз әзілмен бір-бірімізді қағыта бастадық. Мен оны «Нобель сыйлығымен» «құттықтадым»! Игорьдің жүйкесі тозып отырды, сондықтан менің күлкілі мысқылдарымды салмақпен қабылдады. Оның амбициясы зор болатын, өз бағасын білетін.

Игорьдың еңбектері Қазақстанда немесе шетелде болсын, жарық көруге даярланып жатыр ма?

– Игорь өмірден өткеннен кейін оның барлық әдеби мұрасы енген CD-жинақ жарық көрді. Содан кейін біз Игорь өмір бойы жұмыс істеген ресейлік рок-журналист Александр Галинмен сөйлестік. Ол төрт томдық аудармалары мен Игорьдің жеке туындыларын шығаруды жоспарлап жүргенін айтты. Олардың үшеуін жүзеге асырды: 2009 жылы «The Beatles», 1962-1970 жылдардағы «Өндер жинағы». 2012 жылы Галин алғаш рет Томас Стеренс Элиоттың бүкіл корпусын – Игорь Полуяхтовтың бүкіл өмірін арнаған ерекше еңбегі – поэзия мен драмалар жинағын шығарды.

Ал 2018 жылы Игорь орыс тіліне аударған әлемге әйгілі «PINK FLOYD» рок-тобының рок-поэзиясының ерекше түсініктемелері бар ең толық жинағын қайта шығарған еді. Соңғы томы, өкінішке орай, әлі жарияланған жоқ! Тамыры сонау көне орыс мәдениетінен бастау алатын мықты таланттың өз поэтикалық мұрасын шығару – ең басты нәрсе осы емес пе еді!

Сізге сұрақ, Зитта. Тәуелсіздіктің үш онжылдығының қайсысы сізге мәдени тұрғыдан ең қызықты болып көрінеді? Әр онжылдықты бір сөйлеммен сипаттап бере аласыз ба?

Кешегі мен бүгінгі жалғаған арақашықтықтан менің түсінгенім, осы үш онжылдықта біздің қол жеткізгеніміз – көзбою еркіндік, өнеріміз бен әдебиетіміз тәуелді болып, үстінен бақыланып келгені. Алайда, Хаккимбейннің «Автономды аймақ» теориясына сүйенсек, дәуірлер тоғысында дүниеге келген нәрселердің бәрі ерекше болады деген бар.

7 ТАРАУ.

ГҮЛДЕР, КІТАПТАР МЕН ГРАНТТАР



Сорос-Қазақстан» қорының «Заманауи қазақстандық роман» байқауының стипендиаттарының бірі – жазушы Дидар Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романы.

Көлемі шағын болса да, модернистік әдебиет дәстүрлерінде жазылған бұл роман медитативті және интермәтінге толы екенін айта кету керек, әлемдік діндер контексінде тәңіршілікті құрылымдау әрекетімен тәңірлік мифологияға үндейтін роман мәтіні қарапайым болуға тырыспайды да, сонысымен оқырманнан көп еңбектенуді талап етеді. Өмірде болып жатқан жайттар белгі ретінде көрініс беріп, кенет айналасындағының бәрін де символ ретінде қабылдай бастайтын кітап жазу үстіндегі жазушының таным қабылдауы керемет көрсетілген. Романда баяндалатын күнделікті өмір мәтінді қозғалысқа түсірмейтін түс тәрізді беріледі, ал неғұрлым ауқымды уақыт бөлшегін алып жатқан әрекет-қозғалысқа толы

оқиғалар жазушының миында өтіп жатқандай, жазушы бұл жерде алғысөзде берілгендей, көз алдынан өткен елестерді мәтінге айналдырушы – «ойлана алатын қамыс» тәрізді.

2020 жылы роман Дидар Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» проза жинағында жарық көрді.

– «Гүлдер мен кітаптар» жинағы шағын тиражбен шықты. Бұл қазақ тілінен тәржімаланған аударма. Онда менің орыс тілінде жазған дүниелерім жоқ, олар үлкен кітапқ енеді, мен қазір он томдығымды дайындап жатырмын. Біз министрлікке жүгінеміз ғой, қолдай ма, қолдамай ма, ол жағы белгісіз, электронды түрде он томдық кітап шығарғым келеді. Оның екі томы орыс тілінде. Кітап оқитын адамдар іздегенін табуға ыңғайлы болатындай, өз сайтымды жасағалы жүрмін.

Соростың есімін естігенде, Алматының күн шуақты жазы еске түседі, менің жастық шағым, жарияланған конкурса жаңа қазақстандық роман ұсынған кезде, қазылар алқасының төрағасы Мұрат Мұхтарұлы болған болатын, өтініш берушілердің үшеуі қазақ тілінде грант жеңіп алды: марқұм Таласбек Әсемқұлов, Айгүл Кемелбаева және мен. Бұрын «Сорос–Қазақстан» еліміздегі өнер мен әдебиет, мәдениетті қолдаған қор ретінде маған жақынырақ, қызықты болды, бірақ уақыт өте келе, олардың екпіні өзгерді, яғни, олар адам құқықтарын көбірек зерттей бастады, талдай бастады, саяси кеңістікке кетті, мен үшін Соростың мәдени кеңістіктегі қызметі ыңғайлы әрі жайлы еді, сондықтан менің ойымша, олар барлық мәдени жобаларды жауып, бір өнер орталығын (СЗӨО) қалдырды. Дегенмен, Валерия Ибраеваның атқарып отырған қызметіне құрметпен қараймын, бірақ қазір әңгіме ол туралы емес. Қор қызметінің бағыты өзгергеннен бастап, ол саяси кеңістікке еніп, қорға деген көзқарас өзгерді, әсіресе қазақ тілді ортада, бізді де аямаған қазақ тілді баспасөздегі жарияланымдарға байланысты имидж өзгерді.

Олар менімен Таласбек туралы, мысалы, қазақ халқының құндылықтарын «сатып жатқан» есебінде, енді болмағанда, «Сорос агенттері» деуге дейін барды. (Күледі). «Біз грант алдық және белгілі бір миссияны орындаймыз». Қордың Қазақстандағы қызметін үш онжылдыққа бөлер едім. Тоқсаныншы жылдар, екі мыңыншы және оннан жиырмаға дейінгі жылдар. Бұл менің қор қызметінен қаншалықты хабардар екенімді сипаттайды. Қор

тоқсаныншы жылдары суретшілер мен жазушылардың, қазақ тілді ақындардың назарында болды, өйткені, ол кезде жаңа формаларға, өнердегі ізденістерге көп ақша жұмсалатын. Үнемі сынға, қоғамның қарсылығына ұшырап жататын жаңа бастамаларды қолдау – сол кездегі Қордың ұстанған философиясы болатын, өйткені, кез келген жаңа бастама өз жолын табу үшін күш-жігер жұмсайды емес пе? Кез келген қоғамда мәдениетті тасымалдаушыларды екіге бөлуге болады. Бірінші бөлігі – мәдени құндылықтарды қорғайтындар, осы орайда, сергек келетіндер, ал екінші бөлігі – жаңа форма іздеп, аясын кеңейтетіндер. Жаңа нәрсе бас кезінде әрдайым түсініксіз көрінеді, қоғамның негізгі бөлігі оны қабылдамайды, модернизм, мысалы, қарап тұрсақ, классикаға айналды. Осыдан кейін, 2000 жылдары мен қатыспадым, оныншы жылдары – бақылауды тоқтаттым, мүмкін басқа да жағдайлар болған шығар. Екі мыңыншы жылдары бізде тағы бір орталық — Алматы мәдени саясат орталығы пайда болды. Онда біз елдегі мәдени жағдайларды талқыладық, мақалалар жаздық, сынадық.

Менің ойымша, осы алғашқы онжылдықта мен Қордың қазақ мәдениетіне қатысты қызметін бес балға, екі мыңыншы жылдардағысын төрт балға бағалаймын, ал қазір қордың не істеп жатқанын «білемін» деп сенімді түрде айта алмаймын. Бірақ мен 2002 жылы роман жазуда көрсетілген көмек үшін ризамын, ал 1996 жылы менің әңгімем жинаққа кірді, сол сияқты, аналитик ретінде қорда сөз сөйледім. Мен барлық жобаларды жабу және бір талдау орталығын қалдыру туралы шешімге қандай жағдайлар әсер еткенін білмеймін, бірақ менің ойымша, бұл қордың қызметін тақырыптық және жанрлық тұрғыдан тарылтып жіберді, қазір саяси партиялар, басқа қорлар, мемлекеттің өзі көптеген конкурстар ұйымдастырады, тоқсаныншы жылдары тек «Сорос» болса, қазір қолдаудың көптігі байқалады. Мен бұл тақырыпты арнайы зерттемегендіктен айтамын, бірақ «Сорос-Қазақстан» қорын бәрі таныды, ол өнер мен мәдениетті мақсатты түрде қолдады.

Көркем әдебиет пен оның әлеуметтік құрылымы қандай болуы керек?

Бродскийдің сұхбатын оқыдым, бұл оның соңғы сұхбаты болатын, ол мұнда: «кез келген көркем шығарманың

эстетикалық құрылымы этикалық жүктемені көтереді» дейді. Ал этикалық жүктеме әлеуметтік жүктемемен байланысты. Себебі, әлеуметтік мәселелерге деген көзқарас қандай болса, қоғамдағы адамгершілік те сондай. Ақыр соңында, Перелман миллион доллардан босқа бас тартқан жоқ, өйткені, олар оған дейін теорияның дамуына белгілі бір үлес қосқан адамдардың еңбегін ескермеді. Оның мұғалімі Александров математика моральдық ғылым екенін айтқан. Менің ойымша, әсіресе әдебиет, моральдық өнер және міндетті түрде саяси, әлеуметтік және мәдени құрылымдарды алып жүреді, бірақ бұл мақсат болмауы керек. Мен әлемдік тарихтың дамуын азаттық алған адамның тарихы ретінде қабылдаймын, мысалы, еркіндікті, автордың техникасын шектейтін, проза жанрлары да бар, сондықтан, баяғыда енгізілген «еркін проза» термині бар, оған Ален Роб-Грийенің «Жағажай» әңгімесін мысал етуге болады. Осыған байланысты, әрине, біз өз шығармамызда белгілі бір саяси, әлеуметтік салдардан аулақ кете алмаймыз, өйткені, оны айтпай қала алмайсың. Өнер дегеніміз – біздің жекеден жалпыға өтуіміз, ал егер жалпыдан жекеге өтетін болсақ, бұл схематизм, белгілі бір тақырыпқа деген қызығушылық болуымен қауіптірек, бұл – конъюктура. Хайдеггер айтқандай, философия ешқашан уақтылы болмайды. Егер өнер ылғи да қоғамның өзекті мәселелерін ғана қамтығысы келсе, онда ол шындықты таратушының позициясына көшкені.

Менің ойымша, эссеистиканы модернистер өзекті еткен, ол бүкіл әлемде өзекті. Модернизмнің эстетикасы маған жақын. Постмодернизм жайлы көп айтылса да, ол ештеңе енгізбеді. Постмодернизмнің өзі жазу стилі емес, бұл жай ғана қоғамда қалыптасқан жағдай, міне, осыны постмодернизм деп атайды. Бұл – ойын, бірақ бұл жерде өзгенің ойыншықтармен ойнайсың. Камю өзінің Нобель сыйлығын алғанда айтқан екен: өнердің екі функциясы бар – әділетсіздікке бой алдырмау, сосын шындықты айту. Себебі, шындықтың идеология мен пафосты бұзатын күші бар. Бостандық пен шындық. Әділетсіздік салдарында адам еркін болмайды. Меніңше, модернистік философияның қайта өрлеу кезеңі келеді. Лукьяненко айтқандай: «біз өзге ғаламшарлықтар өз төрелкелерімен өне-міне ұшып келеді деп, аспанға қарап жүргенде, дәл мұрнымыздың астында коммуникациялық жарылыс болды. Міне, осы

БАҚ саласының бәрін жайпап өтетін, мүмкін кейде позитивті салдары өте жойқын болып келеді, себебі, кей кезде санамызда виртуалды кеңістіктің шегі жойылатыны тәрізді білім құрылымы, әлем моделі өзгереді.

Қазіргі адамдар әрдайым әлдеқайда асығып жүреді. Өзі тиыш отыр дейік, бірақ қандай да бір ішкі тәртiп жоқ, бiр жаққа асығады, осы себептен де, бiрдеңе айтып жатсаң, ол сенi естiмейдi. Оқып отырған дүниесiн қайта қайталамайды. Қазiр кiтап көп шығарылады, мотивациялық дүниелердiң деменция тудыратынын, оған тек классикалық жоғары көркем әдебиет қана қарсы тұрна алатынын бiр жерден оқығаным бар. Менiң ойымша, сапалы, шынайы әдебиеттiң уақыты өтiп кете қойған жоқ, керiсiнше, ендi келiп жатыр, бiрақ ол әлi үлкен аудиторияға ие бола қойған жоқ. Қазақ тiлдi ортада қалың романдарды оқитын оқырмандар бар, олар өздерiнiң сүйiктi жазушылары туралы, алғашқы шығармасынан, соңғы шыққан туындысына дейiн бәрiн бiледi, бұдан классикалық әдебиеттiң ықпалы әлi де зор деген қорытындыға келуге болады. Ұлы романдар адам бойындағы жанашырлық сезiмiн оятады, романдарды оқи отырып, бiз басты кейiпкер сияқты болуға тырысамыз. Бiз дәл осы сәттi жiберiп алдық, сондықтан өз мақаламда бұл туралы тоқталдым, бiрақ орыс тiлiнде ештеме айтпадым, тiптi күлкiлi көрiнуi мүмкiн, бiрақ менiң ойымша, әдебиеттi насихаттаудың мемлекеттiк агенттiгi болуы керек.

Бұрын социалистiк әдебиет болған, ал қазiр тек әдебиет бар. Оған ақша құйылып, конкурстар ұйымдастырылуы керек, яғни, батыста жастарды операны тыңдауға, балеттi көруге қалай тәрбиелесе, әдебиеттi де солай алға жылжыту керек. Бiрнеше жылға арналған жұмыс бағдарламасы жасалса, бiзде мемлекеттiк арналар бар емес пе, әрқайсысы әдебиет тақырыбында бағдарлама шығарсын, қазiр әдебиет туралы бiрде-бiр бағдарлама жоқ.

Қазақ әдебиетiнде уақыт сабақтастығы деген бар. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарындағы модернистiк әдебиет қазақ әдебиетiнде жұмсақ нұсқада өттi деп санаймын. Марсель Пруст, Франц Кафка, Улисса, Хемингуэй, Фолкнер сияқты есiмдер болған жоқ. ХIХ ғасырдағы классикалық орыс әдебиетi қазақ әдебиетiне қатты әсер еттi, ал қазiргi қазақ модернизмi, әдебиеттiң жаңа бағыт туралы сөйлесу қиын, өйткенi, жастар арасында

таланттылары көп, олар конкурстарға қатысуға ықыласты, бұл жақсы әсер етер еді, бірақ олардың марапаттарға қолы жетпей жатады, себебі, конкурстар әділ өткізілмейді.

Әлі күнге дейін бізде мүлдем қиылыспайтын екі кеңістікке бөлу деген нәрсе бар – екі түрлі әдебиет: қазақ тілді және орыс тілді. Сол сияқты, қазір орыс әдебиеті мен орыс тілді әдебиет деп бөлінетіні бар. Қазақстанда Кеңес әдебиетінің ықпалы мен таралу шекаралары сақталған сияқты. Әйтсе де, орыс тілді қаламгерлер бір бөлек, қазақ тілді қаламгерлер бір бөлек жұмыс істейді. Меніңше, мәселе менталитетте ғана емес, білімде де жатқандай. Білім құрылымы екі бөлек. Қазақтар Абайдан бастап, қазақ тілінде жазылған замандас жазушылардың дүниелерін де оқи береді. Орыс әдебиетін ішінара оқиды, бәрін емес, сол сияқты орыс тілінен аударылған шетелдік жазушыларды оқиды. Бірақ шетелдік авторлардан қазіргі заман авторларының барлығын, тым болмаса, тоқсаныншы жылғыларды да оқымайды, бұл деген өткен ғасырдың ортасы немесе басы болып келмей ме? Бұл жаңа әдебиет болып саналады. Ал қазіргі әдеби процестің қазақ әдебиетіне ешқандай да қатысы жоқ.

8 ТАРАУ.

ЗАМАНАУИ ӨНЕР ОРТАЛЫҒЫ. ПЕРФАУЫНДАРДЫҒ ЖОЛЫ



1 998-2010 жылдар аралығында Алматыдағы заманауи өнер орталығы институционалдық қолдауға ие болды да, бұл оған суретшілердің өз мүмкіндіктерімен бөлісуге мүмкіндік алған динамикалық кеңістігі болуына, сондай-ақ, шығармашылық дамудың жолбасшысы болуына ықпал етті (*мұны мен қорықпай айта аламын*). Бұл «инновацияларға, жаңа идеяларға, кәсіби өртістік қоғамдастық арасындағы байланыстарды кеңейтуге серпін берді», – дейді орталықтың бұрынғы директоры Валерия Ибраева. «Орталықтың миссиясы – Қазақстандағы көркемдік-өртістік үдерістерді қолдау, сондай-ақ Қазақстан өнерінің жаһандық шығармашылық үдерістерге интеграциялануына жәрдемдесу болды». СҚҚ қолдауы қазақстандық суретшілерге батыл және жаңашыл жұмыстар жасауға көмектесті, өз туындыларын отанында да, шетелде де көрсетуге мүмкіндік берді. Валерия Ибраеваның пікірінше, СҚҚ көмегінің арқасында қазақстандық өнер үлкен танымалдылыққа ие болды.

Қала билігі Сорос-Қазақстан қорының қазіргі заманауи өнер орталығы орналасқан ғимаратты бұзу туралы шешім қабылдағанда, кеңсеге уақытша басқа үй-жай берілді.

Мекенжайды өзгерту логикасын түсіну қиын, мүмкін, құрылыс салушы объектілерінің картасына назар аударған жөн шығар, бірақ қор тау етегіндегі элиталық поселкелердің біріндегі «миллионыншы» аталған коттеджде уақытша көшірілді. Айтпақшы, оның аумағында қаланың ең талғамсыз салынған ғимараттарының бірі – алтын пирамида пішініндегі «Луксор» сауықтыру кешені де бар еді. Қор өзінің жаңа кеңсесінде – миллионыншы коттеджде заманауи өнер көрмесін өткізген кезде, ол жерден, әдеттегідей, бүкіл өнер майталмандарын, соның ішінде жазушыларды да кездестіруге болатын. Шетелдіктер де келіп тұрды. Шетелдік қонақтардың бір-екеуі мекен-жайды шатастырып, «Заманауи қазақстандық өнер храмына» кіруге батылдары жетпей, ұзақ уақыт алтын пирамиданың етегінде тұрғанын айтқаны бар. Олар мекен-жайды тауып, жеткен кезде, олардың оқиғасы келгендерді қызықтырды, бірақ дәл проза жазатын авторлар немқұрайлы қала берген. СЗӨО міндеттеріне әдеби жобаларды қолдау кірмегеніне қарамастан, онда қазақстандық авторларды әрдайым кездестіруге болатын еді, қаланың «жұқа» мәдени қабаты «кештерді» үнемі аралас өткізуге мәжбүр ететін, заманауи өнердің алдыңғы шебінде тұрған, орталық жетекшісі Валерия Ибраеваның арқасында ғана ол жерде айтылған идеялар оған қатысы бар адамдардың барлық оқиғадан хабардар болуына мүмкіндік берді. Ғимаратты бұзар алдында ескі бос кеңсе қабырғасында тақырыптық көрме-инсталляция ұйымдастырылды (ол үй-жаймен бірге жойылған болатын), ал жаңа уақытша орнында орталық ұзақ уақыт тұра алмады, белгілі бір мағынада тарих еніп, аңызға айналып жүре берді.

– Бізге арт-белсенділік, тіпті халықтық арт-белсенділік туралы көрме жасау идеясы келді, мысалы, бір әйел қиратылатын үйдің қабырғаларына Назарбаевтың портретін жабыстырып шығады, бұл деген меніңше, өте жоғары өнер болып табылады, ғаламат идея! Егер бүкіл үйге солай етсе. Объект ретінде – керемет дүние. Арт-белсенділік деген осы. Оксана Макушина бізбен бірге

жұмыс істеген, соңғы отыз жылда көшелерде болған осындай дүниелердің бәрін архивтан алып, көрдік, бұған соңғы уақытта арт-белсенділікті алғаш өздері жасап жүргендерін айтып жүрген белсенділердің жұмыстары да енді. Біз үлкен материал қорын, үш мыңға жуық фотосуреттер мен бейнелерді жинадық, оны жиырма сағат бойы көрдім, бірақ материалдарды басып шығаратын жер болмады, көрме көздегеніміздей болмады. Біз барған баспаханалардың бәрі де біздің ұсынымыздан бас тартты.

1997 жылғы байқау – алғашқы әдеби маңызды оқиғалардың бірі болды. Бірнешеуін әңгімелеп бере аламын. Олардың барлығы да шифрленген. Әрине, қазылар алқасындағылар менің шифрленген суреттерді көргеннен-ақ көпшілігін танып қоятынымды түсінді. Олар өз ісінің мамандары емес пе? Бельгер...

Барлық жеңімпаздардың жасырын жұмбағын шешкен соң, Гуля Королеваға қоңырау шалсам, бір жас жігіт алып, аса дөрекі сөйлесті. Мен одан Гуля Королёваны телефонға шақыруын өтіндім. Мен бұл есіммен байланысты әртүрлі әдеби ассоциациялар жасағаным рас, «өмірде не болмайды, бәрі мүмкін ғой» деп ойлағам. Телефон тұтқасын көтерген әлгі жігіт маған дөрекі жауап берген соң, мен ренжіп қалдым да, енді қайтып қоңырау шалмаймын деп шештім. Елестетіп көріңізші, Лилька ұшып келетін еді, кеш болса да табылатын еді ғой. Тегінде, өз тарапымнан «осымен болды» деп ойладым. Ал кешке маған ерекше толқынысы дауысынан білінген бір ханым қоңырау шалып: «Гуля Королёваны іздеген сіз бе?» деп сұрайды, оның телефон нөмірі жарқырап шығып тұрды, мен де дөрекі түрде «иә, мен!» деп жауап бердім. Лилямен біздің алғашқы таныстығымыз осылай өтті, артынан достасып та кеттік.

Енді Әсел Омармен болған жеке оқиғаға келейін. Екі конверт болу керек болатын, бірі шифрлы, шифр арқылы ашылатын екінші конвертте автордың аты-жөні жазылған болуы керек. Ол тек бірінші конвертті ғана жіберіпті. Келесі күні Әсел алқынып жетіп, «шешімнен бас тарту» туралы газетке жазуымды талап етті! Мен оған мұндай ұсақ-түйек үшін ешқандай газетке ештеме бермейтінімді айттым. «Бұл қалай ұсақ-түйек болуы мүмкін?» деп айқайлады Әсел, содан бастап екеуіміз 1997 жылы екі бірдей әдеби журнал шыққан Рудныйға барғанға дейін, жарты жылдай дұрдараз болып жүрдік. Бұл Рудный қаласы еді. Плешаков, Оксана Шаталова, Алла Гириктар

сол жақтан, онда кәдімгідей үлкен мәдени «диаспора» болатын. Володя Чесленко Израильге кетті, оның ісі алға баса қоймаған. Бірақ сол жолғы жеңімпаздардың барлығы да бір-бір жұлдызға айналды. Игорь Полуяхтов. Алан Шайхин – оның қайда кеткенін білмеймін. Бірақ өлеңдері ғажап болатын. Содан кейін ұзақ уақыт бойы «Абай 4» пьесасына қатысты дау болды, бұл 1997 жыл болатын. Әрине, Дулат Исабеков қарсы болды. Айтпақшы, сол комиссияны, соның ішінде мені, артынан Альянс Банктің мәдени бағдарламасына толық құрамда қазылар алқалығына шақырды. Онда қазылар алқасының пікірі екіге жарылып, өліспей беріспеуге айналған, мен болсам, әрине, «Абай 4» пьесасының баспадан шығарылуын қолдадым. Бұл ұсынысты Қордың басқармасына да ұсындым, ол кезде Бельгер қазылар алқасының мүшелігі мен Қор басқармасы құрамында болатын, ол кісі: «Қажет болса, басып шығару керек, мен алғысөз жазамын», - деді. Алайда соңғы сөзді Мұрат Мұхтарұлы Әуезов айтты. Ол кісі нақты кесіп тастаған. Біз, әрине, партизандық қадамдарға бардық. Алдымен, пьеса мәтінін ксерокстан мольнан шығарып алып, барлық СЗӨО келушілеріне тараттық. Тіпті автордың келісімін де сұраған жоқпыз, он жылдан кейін " АРТ и ШОК " менен драматургия туралы сұрайды, мен болсам, оларға: «Абай-4-ті алыңдар», - дедім.

Шын мәнінде, бұл қызық тәжірибе болды, өйткені, мен баспада жұмыс істегендіктен, кеңес заманындағы жас авторлардың конкурстары тек жүйе шеңберінде өткізілетін, басқа жолы болған жоқ.

СЗӨО әдебиетке қатты назар аударған жоқ. Мен неге екенін түсіндіре аламын, себебі, алдымен «Сорос-Қазақстан – Дебют» кезінде «Мәдениет және өнер» бағдарламасының үйлестірушісі болдым. Бірақ өзім әдебиет пен музыка маманы болмағандықтан, өзімді әрдайым жайсыз сезінетінмін, алайда, маған осы жобалармен айналысуға тура келді – менің адалдығым шексіз болатын! Сол кезде суретшілерге бүйрегім көбірек бұратындай болып сезілетін, бірақ оларға қатты талап қоя да білдім деп ойлаймын. Содан кейін СЗӨО бағдарламасын таптым, бұл тек суретшілерге арналған бағдарлама болатын (музыканттарға арналмаған), біздің жұмысымыз алға баса бастады, осы кезде, сендерді – байғұстарды аяп кеттім. Сондықтан мен бізге музыканттар келгенде, қарсылық танытпадым, мұнда Костик (Константин Тимошенко – музыкант, диджей)

келді, Тимочкамен бірге (Тимур Исалиев, ақын, жазушы, Мусагеттің түлегі): «Бұл жерде не жасап жатырсыздар?» деп сұрайды. Мінеки. «Өнерге қатыстының бәрі бар», - дедік. Сосын сендер де келдіңдер. (Сұхбат барысында мен өзімді қазақстандық жазушылардың жиынтық бейнесінде ұсынған болатынымын).

Адамдар келе бастады, ол кезде кафе де, жиын да, кештер де болған жоқ қой, негізінен, жазушы, суретші, ақын тәрізді «бақытсыз жандарды» аяйтын ешкім болмады. Яғни, кез келген Одақ – біріншіден, ыңғайсыз, екіншіден, бюрократиялық ұйым және с.с.. Сондықтан, біз оларды қабылдадық, ал сұрыптау кезеңі ешқандай зорлық-зомбылықсыз өткізілді, әркім өзі шешетін: қызықтырса – қалады, қызықтырмаса – ешкімді ұстамадық.

Мысалы, Зойка (Зоя Фалькова, ақын, заманауи суретші) келіп жүрді. Яғни, кімді қызықтырса, солар жоқ дегенде, қарым-қатынас деңгейінде байланыс орната білді, шығармашылықтың бір пұшпағын илеген соң, өнердің қай саласынан болмасын, бір-бірімен достасып кете білді, міне, Пашка (Павел Овчинников, коллаж суретшісі) Костик екеуі бірін-бірі тапты, сол сияқты, бұл жерде қаншама неке қиылды десеңізші!

Илья Одегов екінші байқау аясында «Күн шыққандағы әуез» романын шығарды, ол оны жыртып тастауы керек еді, іс-шарада қанша адам болғанын білмеймін, жыртқан-жыртпағаны да есімде жоқ. Бұл жындылар үйі туралы көрменің сценарийі болатын, ол жерде біз ғаламат суретшілерге «көндігу көйлектерін» кигіздік. Сөйтсек, ондай көйлектер ендігі тігілмейді екен, сосын біздің бухгалтер бұл істі өз қолына алды: Хальфинаға арнап, хандарға лайық оқалы «көңігу көйлегін» тіккен болатын. Осы көйлекті киген Илюха соңында оны шешпестен, сол күйі үйіне қайтып кетті, артынан «Көрнекі поэзия» жобасында олар оны экспонат ретінде қолданғанын айтты.

Көрме «А386» деп аталды, ол жерге тасбақаның қабығы пішініндегі төсектер қойылды. «Жалпы өнер ешкімге қажет емес» деген месседж болған болатын. Сол сияқты, әдебиет те. Ал Ильяның міндеті – бейтаныстардың алдын орап, қоймай жүріп, кітаптарды ұсыну болатын. Ақыры оны жыртып тыну керек. Масловта мынадай акция болатын: ешкім алмаған картиналарын жыртып, кітапқа

тігіп, көрмеге алып келу. Ол қазір Семейдегі музейде тұр. Оған аса құрметті орын бөлінген.

СЗӨО жобалары мықты еді, грантқа лайықталғандары да, басқалары да болатын, бірақ басты идея – шығармашылық адамдары үшін демократия аралын тұрғызу-тын, ол жерге кез келген уақытта келуге, түннің бір уағында да жұмыс істеуге болады, бізде тәулік бойғы кезекшілік жолға қойылған, суретшілер үшін арнайы компьютер де тұрды, өздерін қоярға жер тапшай, жалғыздықтан шыға алмай жүрген жастардың табан тірейтін орны болса дегенбіз – дүние күйреп жатқан, суық сүйектен өтеді, осындай кезде бір-бірімен қарым-қатынас орнатып, бір мүмкіндіктер туып қалар дегенбіз, сол сияқты, өз мүмкіндігімізге қарай біз музыканттарға да, ақын-жазушыларға да қол ұшын созған кездеріміз болды. «Cultural link» сынды бағдарлама да (мәдени байланыстар) бар еді, біз жарнамалар іліп, қайда хабарласу керек екенін жазып қойдық, қаржылық қолдау тұрғысынан біраз ғана назар аударылғаны рас, бірақ сыраны біз сендерге әрдайым өз ақшамызға сатып өперетінбіз.

Әдебиетте қалыптасқан жағдайға келетін болсақ, мен кәсіби маман емеспін, бірақ өнерде болып жатқан оқиғалармен қатар сараптар болсам, яғни «Сорос-Қазақстан» Қоры мен СЗӨО-ты қоса алғанда, монополиялар жүйесі жойылды және менің ойымша, бұлай болғаны дұрыс болды да. Көптеген бірлестіктер, үйірмелер пайда болды, олардың барлығы мультидисциплинарлық, яғни, біз СЗӨО-да қамқорлық жасауға тырысқанның бәрі экспериментке бейім. Менің ойымша, бұл жақсы, қалыпты жағдай. Саяси жағдай іс жүзінде өзгерген жоқ. Олар аяғынан тұрып, ақырындап жүре бастады, бірақ бәрібір бұл жағдай өз орнында қалды. Бірақ сол бір ауыр жүк, ол – ойыңызда емес, қолыңызда деп ойлаңыз. Әдебиетте де солай. Ольга Борисовна әрдайым жылап жүретіні есімде: «жап-жақсы балалар кетіп жатыр», – деп. Иә, бізде сондай бір кезең болды. Сіз қатарлылардың бәрі қоныс аударып кетті. Қазіргі жастар басқа, қаншаға шыдай алатынын білмеймін.

Кітаптардың сапасы туралы ештеңе айта алмаймын, оқымаймын, оған уақыт жоқ. 1998 жылы біз «Авангард және Азия» деп аталатын конференция өткіздік, оған Ташкенттен келген өнертанушы Нигора Ахмедова қатысты және оның баяндамасының тақырыбы мен міндеті

авангардтың Азияға тән емес екендігі туралы еді, өйткені, бұл біздегі дәстүрге сәйкес келмейді. Содан кейін біз Үндістан мен Сингапурды араладық, Қытайдың заманауи өнері керемет! Дегенмен, Азияда авангард бар. Содан кейін 1998 жылы халық ойланды. Шын мәнінде, Венециандық биеннале мен Фокусқа не болды* – бұл мемлекет, қазіргі Ресей сияқты, қазіргі заман өнерін астына басып алып, тістерін жулуға шешім қабылдады. Біз қоғамды ояттық қой, бізде әр көрме сайын жанжал болатын. Мемлекеттік көрмелерді алайық, тып-тыныш, ешкімнің ешкімде шатағы жоқ, ешкім-ешкімді сынамайды. Бұл кескіндеме өнеріндегі сияқты, тек формасы басқаша, форманы «қарызға алу», ал мазмұнды кеңейтіп керек емес. Бұл мемлекет үшін қалыпты жағдай, олар халықаралық жобаларды жауапкершілікпен орындау керектігін ескермеген.

Бірақ біз өз мақсатымызға қол жеткіздік, өткен көрмелер – бұл факт, иә, Қазақстанда әйел-суретшілер бар!

*

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі 2019 жылғы Венециялық биенналеге қатысудан бас тартты. Қазақстандық суретшілер алғаш рет өз жұмыстарын ҚР атынан ұсынуға тиіс болды. Мәдениет министрлігінің баспасөз қызметі биенналеге қатысудан бас тартуын ведомство қысқа мерзімде көрмеге қатысу үшін бюджет бөлуге үлгермейтіндігімен түсіндірді.

Венецияда биыл ұлттық павильон болмаса да екі жоба ұсынылды. Ә.Қастеев атындағы ММИ «Қазақ даласының ырғағы» атты топтық графика көрмесін ашты. Мұражай қорындағы экспозиция Евгений Сидоркин, Салихитдин Айтбаев, Альберт Гурьев, Исатай Исабаев және т.б. сияқты 20 қазақстандық классикті біріктірді. Бұл көрме «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында мемлекеттің қолдауымен құрылды. Венецияда қазақстандық өнерді білдіретін екінші, бірақ жеке бастама «Artmeken» галереясы мен «ARIAPP.IO» мобильді қосымшаның бірлескен жобасы болды. «WantedPavilion» экспозициясы: «BadJokes» – венециандық биенналедегі қазақстандық павильонның баламалы виртуалды нұсқасы.

«Ұлттық павильонды ұйымдастыруға көптеген

сәтсіз әрекеттерден, көрмелерді ұйымдастыру бойынша бірнеше жекеменшік бастамалардан, Елена мен Виктор Воробьевтердің өткен биенналдағы негізгі павильондағы көрсетілімдерге, Орталық Азия павильонына және биеннале айналасындағы соңғы жанжалға қатысқаннан кейін, Қазақстан маған өз денесінің тұтастығын қабылдаудың бұзылу синдромы бар адамды еске салады. Бұл синдром кез-келген аяқ-қолды өздігінен кесуге деген обсессивті ниетте көрінеді. Біздің ел қазіргі заманғы өнердің халықаралық деңгейде әйгілі және танымал сахнасына ие бола отырып, оны барлық әрекеттерімен жүйенің қолайсыз элементі ретінде кесіп тастауға тырысады, бұл жүйенің тұтастығын бұзады. Өйткені, өз мәдениеті мен өнері жоқ қоғам басқа біреудің мәдениеті мен басқа біреудің өнерінің тұтынушысы болады. Тірі денені ампутациялау сияқты, мәдениеттің дамымауы қайтымсыз салдарға және мүгедектікке әкелуі мүмкін", - деді Оля Веселова, ARTBAT FEST фестивалінің директоры, Бюро 24/7 үшін.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізілген Focus Kazakhstan көрмесінің бас мердігері халықаралық кураторлар командасы мен логистикалық компанияның қызметтеріне ақы төлеуді қоса алғанда, өз міндеттерін орындаудан бас тартты.

9 ТАРАУ.

СӨЗДЕР МЕН МУЗЫКА



Мен СЗӨӨ көрме кеңістігі ішінде көңігу көйлегімен жүрген Ильямен кездескеннен бері көп уақыт өтті, сол уақыт ішінде ол Алматының ашық әдеби мектебінің және өзінің жазушылық курсының оқытушысы бола алды, Мәскеудің «Текст» баспасында кітаптың шығуын күтті, «Русская премияның» лауреаты атанды және кәсіби жазушы бола отырып, табысты композитор – халықаралық музыкалық жобалардың қатысушысы болуға уақыт таба алды. Илья туралы айтатын болсақ, әдетте әңгіме оның әйелі, Илья Мусагетте танысқан – ақын Әйгерім Тажи туралы болады, және қазір ол әрдайым оның халықаралық жетістіктері туралы айтады.

– Бұл Киевтегі зертхана болатын, яғни жоба, ең алдымен білім беру жобасы, онда, әрине, нақты тәжірибе болды, бірақ жобаның өзі - білім беру саласына бағытталды. Қазір олар үнсіз киноны дыбыстауға грант алу мүмкіндігін беру мақсатында бірнеше адамды таңдады, нәтижелері Киев пен Одесса фестивалінде ұсынылады, онда жыл сайын «Үнсіз түндер» фестивалі өтеді. Олар ескі фильмдерді архивтерден алып, жаңа дыбыстауда көрсетеді. Кейде бұл фильмдердің дыбысы бұрын ешқашан болған емес. Мен күтіп жүрмін, маған қандай фильм беретінін айту керек.

Жазу қызметінің болашағы туралы сұрақ туындайды. Өзіңізді кім ретінде көресіз?

